



ПАРИЖ САММИТИ:

маңызды жиындағы
мәлімдемелер нені
аңғартады?

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №14 (6576) 14 ақпан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖҮЙЕЛІ БАҒДАР, НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев алдымен ауданның дамуы және тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Кездесу барысында тұрғындар жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

4

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әлемдік рекорд:

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫ

Сая Қыдырәлі – жаһандағы ең жас
IELTS-9.0 сарапшысы

Алматы қаласындағы Әуезов ауданына қарасты №116 мектептің 11-сынып оқушысы Сая Қыдырәлі IELTS емтиханында 9 балл алып, әлемдік рекордқа қол жеткізді. Қазір жұрт назары қаршадай қызға ауып отыр. Неге десеңіз, дәл осындай табысқа екіншісі бірі қол жеткізе бермейді. Бағы мен бабы қоса шапқан Сая Қыдырәлі «ALATAU AQPARAT» ұжымына арнайы келіп, қуанышымен бөлісті.

САРАПТАМА

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ

Онлайн-әлемдегі киберқылмыстың
қаржы айналымы жыл сайын
500 млрд доллардан асады

Бүгінде технологиялық прогресс қоғамның көптеген салаларына ауқымды өзгерістер әкеліп, қалыптасқан қоғамдық құндылықтарды өзгерткенімен, бірнеше мәселелерді де туындатып отыр. Солардың бірі – азаматтардың жеке деректерін қолды қылу арқылы түрлі алаяқтық әрекеттерге баратын интернет алаяқтар.



(Дереккөз: www.midjourney.com)

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

14.02.2025

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

15.02.2025

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар). Таңертең тұман, жолдарда көктайғақ.

16.02.2025

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар). Таңертең тұман, жолдарда көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 1>

9

2



Жасанды интеллект:

ПАРИЖ САММИТИ:

маңызды жиындағы мәлімдемелер нені аңғартады?

10–11 ақпанда Франция астанасы Парижде «ЖИ саласындағы іс-әрекет мәселелері бойынша Саммит» өтті. Саммитке 100-ден астам елдің билік өкілдері, кәсіпкерлер мен сарапшылар қатысты. Жасанды интеллект саласындағы маңызды жиында сөз сөйлеген Франция, АҚШ және ЕО билік өкілдерінің мәлімдемелеріне назарымыз түсті. Себебі, Еуроодақ пен Франция технологиялық бәсекелестіктен шет қалмақ емес.



(Сурет: Франция президентінің Х әлеужелісіндегі ресми парақшасынан алынды. Онда АҚШ пен Ұлыбритания өкілдері жоқ).

АҚШ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ
ЖОҒАРЫ ҚОЙДЫ

Америка Құрама Штаттарының атынан Парижде өткен саммитке вице-президент Джей Ди Венс қатысты. Ол жасанды интеллект саласына қатысты Трамп әкімшілігінің не ойлайтыны, қандай жоспарлары бар екені жайлы баяндама жасады. Бір қызығы, ол өзі сөйлеп болғасын Франция президенті Эмманюэль Макрон мен ЕО комиссия төрайымы Урсула фон дер Ляйанды тыңдамай, іс-шара өткен жерден шығып кетті. Алайда, іс-шара аяқ-

талған соң олардың әрқайсысымен жеке кездескен. Мәселеге тереңірек қарайтын болсақ, оның іс-әрекетінің саяси астары бар екенін көреміз.

АҚШ пен Ұлыбритания саммиттің қорытындысы саналатын құжатқа қол қоюдан бас тартты. Есесіне, қол қойғандардың арасында Қытай бар. Бұл нені білдіреді? ЖИ саласын дамытуда АҚШ пен ЕО арасында көзқарастар әртүрлі. Екі тарап та технологиялық дамуды қолдайды. Алайда, АҚШ «дамуға» мән берсе, ЕО «қауіпсіздікті» бірінші орынға қоюда.

АҚШ-тың вице-президенті Джей Ди Венс өз сөзінде жасанды интеллектіні шектен тыс реттеу саланы құрдымға әкеледі деп еуропалықтарға қарата мәлімдеме жасады. Ол бұл мәлімдемесін Трампың «Ең алдымен Америка» атты бағдарламасы аясында айтты. Яғни ЖИ саласында АҚШ ұлттық мүддесін бәрінен жоғары қойып, технологиялық бәсекелестікте жеңіске жетуді мақсат еткенін мәлімдеді. Дональд Трампың алғашқы жарлықтары да оның сөзін дәлелдеп тұрғандай. Себебі, ЖИ саласын дамытуға бөлінген 500 млрд АҚШ доллары аз қаражат емес.

ЕУРОПА ДА БӘСЕКЕГЕ ТҮСПЕК

Еуропалықтар да ЖИ саласындағы бәсекелестіктен шет қалмақ емес. Алайда, америкалық әріптестерінен ерекшелігі қауіпсіздікке басымдық беруде. Бұл туралы ЕО комиссия төрайымы Урсула фон дер Ляйанның мәлімдемесінен байқауға болады. Ол өз сөзінде: «Бұл саммит бізге қажет іс-қимылға арналған. ЖИ бізді қоғам және адамзат ретінде қайда алып келетінін түсінетін уақыт келді. Содан кейін біз Еуропаның осы мақсатқа жетуін жеделдетуіміз керек», – деді. Яғни ЖИ-ді дамыту бізді қайда алып келеді деген мәселеге аса мән беріп отыр. Одан кейін ғана даму туралы айтты.

Урсула фон дер Ляйан өз сөзінде ЕО ЖИ саласын дамытуға 50 млрд еуро (51,6 млрд АҚШ доллары) қаражат бөлінетіні туралы мәлімдеді. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, әрине, Трамп бөлген қаражаттан 10 есе аз. Дегенмен, ЕО комиссия төрайымы АҚШ пен Қытай бастаған бәсекеден тыс қалмайтынын айтты.

ҚАЗАҚСТАН GPAI-ДЫ ҚОЛДАДЫ

Франциядағы саммитке еліміздің атынан Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев бастаған делегация қатысты. Онда ол Қазақстанның «Жасанды интеллект жөніндегі жаһандық әріптестікті» (GPAI) қолдайтынын мәлімдеді. Министр

қатысқан іс-шараға Франция Президенті Эмманюэль Макрон, Канада премьер-министрі Джастин Трюдо және ЭЫДҰ Бас хатшысы Матиас Корман қатысты.

Жаслан Мәдиев өз сөзінде елдегі цифрлық трансформация нәтижелері мен жасанды интеллектті дамыту жоспарларымен бөлісіп, Alem.AI орталығының тұжырымдамасы туралы айтты.

«Қазақстан жасанды интеллекттің болашағымызды қалыптастырудағы маңызды рөлін мойындайды және бұл саладағы халықаралық ынтымақтастықтың бірегей алаңы ретінде GPAI-ды жоғары бағалайды. Біз үкіметтер мен сарапшыларды біріктіре отырып, GPAI-дың жасанды интеллектке байланысты мүмкіндіктер мен сынақтарға жауап беру жөніндегі күш-жігерін қолдаймыз және оның жасанды интеллект саласындағы білім мен тәжірибені бүкіл әлемге тарату миссиясын толықтай құптаймыз. Қазақстанда біз ұлттық жасанды интеллект экожүйемізді белсенді түрде дамытып жатырмыз. Біз Alem.AI – жасанды интеллект саласындағы инновацияларды қолдау, стартаптардың дамуын жеделдету және ғылыми зерттеулерді ынталандыруға арналған Халықаралық орталық құрып жатырмыз. Жылына 200 мың азаматты мектеп оқушыларынан бастап мемлекеттік қызметшілерге дейін базалық және ілгері деңгейдегі жасанды интеллект дағдыларына оқытатын кешенді білім беру бағдарламалары арқылы адами капиталды дамытуға міндеттенеміз», – деді министр өз сөзінде.

Министрдің мәлімдемесінен еліміздің ЖИ саласын дамытуға мүдделі екенін байқаймыз. Мемлекет басшысы да соңғы жылдары технологиялық бәсекелестіктен қалып қоймау жайлы жиі айтуда. Алайда, біз ЖИ саласындағы технологиялық бәсекелестік геосаяси, геоэкономикалық текетіреске ұласып кетпегенін қалаймыз. Сондықтан да еуропалықтар ұсынған GPAI бастамасын қолдап отырмыз.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ

Онлайн-әлемдегі киберқылмыстың қаржы айналымы жыл сайын 500 млрд доллардан асады

(Басы 1-бетте)

Онлайн әлемде кеңінен қанатын жайып келе жатқан интернет алаяқтарынан ешбір азамат толықтай қауіпсізбін дей алмайды. Елімізде соңғы жылдары электронды пошта, телефон қоңыраулары арқылы азаматтардың жеке деректерін қолды етуге талпынған әрекеттер жиілеген. Мақаламызда жаһан жұртын әбігерге салған «интернет алаяқтарынан» келетін қауіпті және оларға қалай тиімді күресуге болатынына талдау жасап көрелік.

- 24 наурыздан бастап елімізде жеке тұлға атына тіркелмеген IMEI коды бар ұялы байланыс құралдары бұғатталады.
- Елімізде 2024 жылы 15 000-нан аса азамат интернет алаяқтарының құрбанына айналған. Қылмыстың тек төрттен бір бөлігі ғана толық ашылады.
- 2024 жылдан бастап интернет-алаяқтық тек жеке тұлғалар емес, заңды тұлғалар арасында да артқан.
- Сингапур интернет-алаықтармен күресуде, азаматтардың жеке деректерін қорғауда жасанды интеллект негіздерін тиімді қолдануда.

НОРМАТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕ
РЕТТЕУ МАҢЫЗДЫ

Елімізде SIM-карталарды тіркеу міндеттілігі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген еді. Ол күнге дейін SIM-карталар еркін сауда айналымында сатылып келген. Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 2025 жылғы 24 наурыздан бастап тіркелмеген, «қара тізімге» енген смартфондарды бұғаттайды. Қара тізімге жауапты мекеменің мәліметінше, IMEI-коды дұрыс емес немесе өзгертілген, арнайы GSMA базасында ұрланған немесе жоғалған деп тіркелген гаджеттер, кедендік рәсімдеуден ресми түрде өтпеген телефондар осы тізімге кіреді.

Бұл шара азаматтардың қауіпсіздігі үшін үкімет тарапынан жасалып жатқан құқықтық қадам екені анық. Себебі, ғаламтор алаяқтарымен күресу бойынша бүгінгі таңда әлем елдері арасында қалыптасқан бірегей стратегия жоқ. Екіншіден, интернет-алаықтар үшін әлемде мемлекеттік шекара деген ұғым жоқ. Олар бір елде «жұмыс жасап», «құрбандарын» әлемнің басқа бөлігінен табады. Сондықтан азаматтардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әрбір мемлекет өз заңнамалары мен құқықтық нормалары ая-

сында әрекет етуі, сондай-ақ халықаралық әріптестік аясында жұмыс істеуі өте маңызды.

Қазақстанда интернет-алаықтық оқиғаларының саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2020 жылы 14 мыңнан астам интернет-алаықтық тіркелсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 21 мыңға жетті. 2024 жылдың алғашқы тоғыз айында 15 мыңнан астам интернет-алаықтық оқиғасы тіркелді. Жалпы, жыл сайын елімізде 20 мыңнан астам интернет-алаықтық фактілері анықталады. 2024 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында заңды тұлғалар арасында 40 мың алаяқтық жасалып, жалпы шығыны 67,5 миллиард теңгені құраған. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда, 21,6 пайызға жоғары.

«ҚҰЛАҚТАН КІРІП,
БОЙДЫ АЛАР...»

Интернет алаяқтары жаңа технологияларды тиімді меңгеріп, түрлі баламалы жолдарын дамытып келеді. Дипфейк видеолар арқылы белгілі азаматтардың аузына жалған ақпараттарды салып, азаматтардың сеніміне кіріп, қаржылық әрекеттерге барады.

Айтқымыз келгені, интернет-алаықтықтан қорғануға тек цифрлық сауатты-

лық жеткіліксіз. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан заңнамалар мен әрбір деректерді бірнеше тұрғыдан кодтар арқылы қорғайтын заманауи жүйелер қажет.

Интернет-алаықтардың нысанасына жиі ілігетін адамдар тобы көп жағдайда «жұмыс жасамай, аз ақшаны бірнеше есе өсіріп, табыс табамын» деген ұстанымдағы азаматтар екені анықталды. Шынында да, электронды поштаға немесе жеке байланыс нөмірлеріне хабарлама жіберіп, азаматтың сеніміне кіріп, түрлі биржалар, криптовалюта, қаржылық операциялар арқылы пайда табуға көмектесемін деген қызметтер түрі жиілеп кеткен. Демек, интернет-алаықтықпен күресуде азаматтардың «еңбексіз көп қаржы табамын» деген таным жүйесін өзгерту қажеттігін назарда ұстау керек.

XXI ғасырды ақпарат ғасыры десек, бұл заманның басты ресурсы жеке ақпарат пен деректеріміз екенін ұғынуымыз қажет. Көп деңгейлі қорғаныс, сақтық және заманауи қауіпсіздік құралдарын енгізу арқылы тәуекелдерді азайтып, азаматтардың жеке деректерінің құпиялығын түсіндіру маңызды. Бұл бағытта көпжақты жұмыстар жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.





САЛЫҚ РЕФОРМАСЫ

АЛМАТЫЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР

қосымша құн салығы мен бизнеске салық жүктемесін оңтайландыру мәселелері талқыландырылған жиында бас қосты

ҚР

Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин алматылық бизнес өкілдерімен кездесіп, салық реформасы бойынша кеңес өткізді.

АА

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алқалы жиынға Қаржы министрі Мәди Такиев, Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин, «Атамекен» ҰҚП Басқарма төрағасы Райымбек Баталов, сонымен қатар, Алматыдағы ірі және шағын бизнестің, жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының, туристік компаниялар мен басқа да салалық бизнес-қауымдастықтардың 50-ден астам өкілдері, тәуелсіз сарапшылар қатысты.

Кездесу барысында ҚҚС тіркеу шегінің 15 млн теңгеге дейін төмендетілуі мен В2С сегментіндегі арнайы салық режимінің қызмет түрлерін шектеу секілді мәселелері көтерілді. Алматылық кәсіпкерлер салық төлеушілерді тіркеу шеңберінде белгіленген шектер шағын бизнестің одан әрі дамуына кедергі келтіруі мүмкін деген пікірлерін ортаға салды. Нәтижесінде кәсіпкерлер салықтан жалтару үшін өз кәсіпорындарын бөлшектеп немесе кірістерінің бір бөлігін жасыруға мәжбүр болуы ықтимал.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Вице-министр Азамат Әмриннің айтуынша, бизнес құрылымдарын бөлшектеу салдарынан мемлекет жыл сайын шамамен 800 млрд теңге көлемінде табыс салығынан айырылып отыр. Бұл құбылыс жоғары ҚҚС тіркеу шегімен байланысты. Әмриннің пікірінше, Қазақстанда орта бизнес факт жүзінде бар болғанымен, заң жүзінде жоқ, себебі көптеген кәсіпкерлер салықтан жалтару үшін компа-

нияларын шағын бизнес ретінде рәсімдейді.

Осы мәселені шешу үшін үкімет ҚҚС тіркеу шегін төмендету және В2С секторындағы кәсіпкерлерге ғана арнайы салық режимін қалдыру механизмдерін енгізуді ұсынды. Бұл шаралар кәсіпкерлікке қарсы бағытталмаған, керісінше, көлеңкелі экономикамен күресуге арналған. Әмрин әділ салық төлейтін кәсіпкерлердің, салық төлеу-

ден жалтаратындармен тең дәрежеде бәсекелесе алмайтынын атап өтті. Сондықтан бизнес қоғамдастығының қолдауы болмаса, мемлекеттік органдар көлеңкелі экономиканы толық жоя алмайды.

Кездесуде еңбекақы қорына түсетін жүктемені азайту мәселесі де қозғалды. Бұрын ұсынылған әлеуметтік салық пен жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын алып тастау реформасы тек ҚҚС мөлшерлемесін 20%-ға дейін көтеру жағдайында жүзеге асырылуы мүмкін еді. Бұл жағдайда мемлекет әлеуметтік төлемдерді жұмыс берушілердің орнына өзі қаржыландыратын болған. Бірақ қазіргі ұсынылып отырған ҚҚС мөлшерлемесі 16% болғандықтан, әлеуметтік төлемдерге қатысты ешқандай өзгеріс жасалмайды.

Кездесуде әртүрлі салалардың өкілдері өз ұсыныстарын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Серік Жұманғарин барлық талап-тілектер үкімет жанындағы жұмыс топтарында қаралып, Мәжіліске ұсынылатын салық реформасы жобасына енгізілетінін жеткізді.

Айта кету керек, кәсіпкерлер арасында салық кодексіне енетін өзгерістерді түсіндіру қазір елдің әр өңірінде өтіп жатыр. Оны Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің өкілдерін қамтыған 6 арнайы жұмыс тобы жүзеге асыруда.

ПЛЕНУМ



ҚҰРМЕТ ПЕН ТАҒЗЫМ

Ұлы Отан соғысына қатысқан әрбір ардагерге бес миллион теңгеден, тыл ардагерлеріне жүз мың теңгеден беріледі

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің пленумында «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын өткізуге дайындық және мерекені өткізу мен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелері қаралды.

АА

Нұрлан
СҮЙІН

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Пленум отырысына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелері, қалалық қоғамдық комиссиялардың төрағалары мен төрайымдары және басқа да қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Алматы қалалық

миллионнан астам тұрғыны бар ең үлкен мегаполисі – Алматы да атсалысуы керектігін атап өтті. Шаһарда Ұлы Отан соғысына қатысқан және оған теңестірілген тұлғаларды қосқанда отыздай ғана ардагер қалыпты. Сол Екінші дүниежүзілік соғыста болған аталардың ерлігі, тыл еңбеккерлерінің жанкешті жұмыстары барынша насихатталуы, сол тарихи кезеңді бүгінгі ұрпақтың білуі, ұрпақтың патриоттық тәрбиесінде Отан қорғаған сол буынның ерліктері үлгі болуы керек екендігі айтылды баяндамада.

Пленумда сөз алған Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қалдыбеков Ұлы Жеңіс мерекесін өткізуге арнайы бағдарлама жасалғанын, мерекелік іс-шаралар 28 Панфиловшылар паркінде, қаланың аудандарында өтетінін айтып өтті. Жеңіс мерекесіне Ұлы Отан соғысына қатысқан әрбір ардагерге бес миллион теңгеден, тыл ардагерлеріне жүз мың теңгеден беріледі.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты Генералдар кеңесі РҚБ төрағасы Бексұлтан Сәрсеков, Алматы қалалық кеңесі төрағасының орынбасары, Ауғанстан ардагерлер одағының төрағасы Мұрат Абдушукуров, Әуезов аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Бәтима Ибраева және т.б. жарыссөзге шығып, өз ойларын ортаға салды.

Пленум қорытындысында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына дайындық пен мерекелеу іс-шаралары бекітілді.

ЖҮЙЕЛІ БАҒДАР, НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Маңызды әлеуметтік нысандар модернизацияланады

Ерболат Досаев жиын барысында қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша жүйелі жұмыс туралы айтып берді.

Алматының Жетісу ауданында биыл сәуір айында күрделі жөндеуден кейін үш емхана ашылады. Жетісу ауданында 2024 жылы сапалы медициналық қызметтер қолжетімді болу үшін екі жаңа медициналық мекеме ашылды: «Кемел» ш/а отбасылық-дәрігерлік амбулатория, оның сыйымдылығы 200 келушіге және Жұмысшы кентінде 240 келушіге арналған емхана. Бұдан басқа, 2025 жылғы сәуірде күрделі жөндеуден кейін үш емхана ашу жоспарлануда: Нүсіпбеков көшесі бойында 200 келушіге, Омаров көшесі бойында 300 келушіге және 230 келушіге арналған №21 емханалар. Нысандардың барлығы заманауи жабдықтармен жабдықталады, бұл ауданда медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Еске салайық, биыл қаңтар айында жаңғыртудан кейін заманауи жабдықтармен жабдықталған «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығы ашылған болатын.

Электр желілері мен көшелерді жарықтандыру

Биыл Алматының Жетісу ауданында 330-дан астам жаңа жарықтандыру бағаналары мен 1 мың LED-шам орнатылады. Бүгінгі таңда ауданның электр желілерінің 85%-ы тозған, бұл мезгіл-мезгіл апаттық ажыратуларға алып келеді. Ауданды электрмен жабдықтау үшін 2024 жылы «Кемел» ш/а және Палладин – Павлодар – Боралдай – Қожамяров көшелерінің бойында 66 км жаңа электр желілерін салу жұмыстары аяқталды.

Бытыр желтоқсанда 4 км электр желілерін реконструкциялау жұмыстары және «Кирпичная» қосалқы станциясының құрылысы басталды. Жұмыстар 2026 жылдың тамызында аяқталады. Осы жылдың маусым айында Рысқұлов даңғылы, 65 А мекенжайындағы тұрғын үйге арналған 1,2 км электрмен жабдықтау желісін салу үшін мемлекеттік сараптама қорытындысы шығады деп күтілуде. Сонымен қатар, ауданды сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Тек 2024 жылы 36,7 км кабельдік желілер ауыстырылып, 4500 жаңа жарық нүктелері орнатылды, бұл аудан көшелерінің 87%-ын жарықтандыруға мүмкіндік берді. 2025 жылы 337 жаңа жарықтандыру тіректерін орнату, 26 км ескі кабельдік желілерді ауыстыру және 1097 жаңа жарық диодты шамдарды орнату жоспарланған.

Айта кетейік, ағымдағы жылы Алматыда қаланың бұрын жарықтандырылмаған 600 учаскесін жарықтандыру, 4500 жарық нүктесін орнату, сондай-ақ ұзындығы 136 км желілерді салуды жалғастыру жоспарлануда.

Тұрғындар қауіпсіздігі – басты назарда

Биыл ауданда 300 жаңа бейнебақылау камерасы орнатылады. Қала әкімі Ерболат Досаев көшкін қаупін болдырмау үшін қандай жұмыстар жүргізілетіні туралы айтып берді.



Бытыр ақпан айында Алматы әкімінің тапсырмасы бойынша бүкіл қала бойынша ықтимал қауіпті учаскелерді зерттеген жұмыс тобы құрылды. Мәселен, Жетісу ауданында Шелихов және Волочаевская көшелерінің бойында 2 учаске анықталды, онда 2024 жылдың қазан айында жергілікті бюджет резервінен қаражат есебінен тірек қабырға салу арқылы еңісті нығайту жұмыстары басталды. Жұмыс наурыз айының соңына дейін аяқталады.

«Кемел» ш/а зираты орналасқан беткейдің жоғарғы бөлігінде көшкін қаупінен туындаған төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында соңғы 2 жылда Есентай өзенінің арнасы зиратқа қарай 4 м-ге ауысты, осыған байланысты осы жылдың наурыз айында еңісті нығайту бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу басталады. Құрылыс жұмыстарын 2025 жылдың тамыз айында бастау жоспарлануда», – деді қала басшысы.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өткен жылы ауданда 31 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылды – бұл 171 камера және 692 бейнебақылау камерасы. Ағымдағы жылы тағы 300-ге жуық жаңа бейнекамера орнату жоспарлануда. Алматыда барлығы 1641 «Сергек» АӨК – 9152 бейнекамера бар.

2 жаңа саябақ аймағы

Есентай өзенінің жағалауы абаттандырылады. Алматыда екі жаңа саябақ аймағы пайда болады.

«2025 жылдың маусым айында «Кемел» шағынауданында 12 га жағалауды абаттандыру жұмыстары басталады, ал ағымдағы жылдың қыркүйек айында «Айнабұлақ» шағынауданында 10 га саябақ аймағын абаттандыру жобасы қолға алынады», – деді Ерболат Досаев.

Бытыр Жетісу ауданында Есентай өзені бойынша «Көкмайса», «Көкжиек» шағынаудандарында және Кедровая көшесінде жалпы ауданы 24,6 га 3 жаңа саябақ-жағалау аймағы құрылды.

- 2025 жылы аудан тұрғындары үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау үшін қаржыландыру тағы да 1,9 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды;
- «Құлагер» шағынауданында 34 аулаға ағымдағы жөндеу жүргізілетін болады;
- Мақатаев және Сүйінбай көшелері бойынша 3,9 км жаяу жүргіншілер аймағы абаттандырылады;
- 300 жарықтандыру тірегі қалпына келтіріледі, 6 мың шаршы метрден астам алаңға гүлдер отырғызылады және 9 ғимараттың қасбеттеріне сәулеттік жарықтандыру орнатылады.
- Биыл «Халық қатысатын бюджет» аясында 1200-ден астам ұсыныстың ішінен тұрғындар іріктеп алған 30 жобаны іске асыру үшін бюджеттен 2 млрд теңге бөлінді.
- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Боралдай көшесі бойынша 1200 орынды жаңа мектептің ашылуы 2025 жылдың қыркүйегіне жоспарланып отыр. Жобаның құны – 9,1 млрд теңге.

Алматы ипподромының болашағы қалай болмақ?

«Егер ипподром иелері оны жаңартумен айналыспаса, инвестор іздейміз. Жазға дейін нақты жоспар жасауды көздеп отырмыз», – деді Ерболат Досаев.

Алматы ипподромының иелері наурыз айының соңына дейін оның даму бағдарламасын ұсынуы тиіс. Қала әкімінің айтуынша, өткен жылдан бері ипподром иелерімен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Олар наурыз айының соңына дейін даму бағдарламасын ұсынуы керек, бұл ең алдымен, айтарлықтай қаржыны қажет етеді. Дегенмен, Ерболат Досаев ипподромның мақсатты бағыты өзгеріссіз қалатынын атап өтті. «Егер меншік иелері жаңарту жұмыстарын жүргізбесе, біз жаңа инвестор іздейміз немесе бұл міндетті қала өз мойнына алуы мүмкін, бірақ бұл өте қымбат жоба. Жазға дейін Алматы ипподромының болашағы қалай болатынын анықтауға тырысамыз», – деді шаһар басшысы.

Қоғамдық көлік: қызмет сапасы

Алматы қоғамдық көлігінің жүргізушілері жолаушылармен сыпайы

қарым-қатынас жасау курстарынан өтеді. Кездесу барысында Ерболат Досаев қалалық тасымалдаушылар ұсынатын қызметтердің сапасы туралы сұраққа жауап берді.

«Қоғамдық көлікте қызмет көрсету сапасын арттыру – маңызды мәселенің бірі. Біз бұл бағытта жұмысты жеке тасымалдаушылармен де, «Алматыэлектротранспен» де тұрақты негізде жүргізіп жатырмыз. Оң өзгерістер бар, біз мұны Open Almaty-дағы өтініштердің құрылымы бойынша көреміз. Қалада жылжымалы құрам жаңартылды, бірақ жүргізушілер бойынша сұрақтар бар», – деді Ерболат Досаев.

Мегаполис әкімі бүгінде кәсіпорындарды жүргізушілер саны мен олардың ауысымы бойынша нормативтік қамтамасыз етуге байланысты мәселе толық шешілмегенін, бұл жұмысты жандандыруға қатысты екенін атап өтті.

«Біз жүргізушілердің жалақысын тағы да көтердік және қоғамдық көлік жүргізушісінің жұмысы беделді болуы үшін мұны жалғастыруға ниеттіміз. Сондай-ақ, мен колледждермен жүргізушілерді даярлау мәселесін, оның ішінде жолаушылармен қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан пысықтауды тапсырдым. Біліктілікті арттыру курстарынан өткендер жалақыға үстемеақы алады. Біз материалдық ынталандыру арқылы жұмыс сапасын жақсартуға мән береміз, жыл соңына дейін осы мәселелердің бір бөлігі жүзеге асатын болады», – деп атап өтті Алматы қаласының әкімі.

ТҮЙІН:

Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарын мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктетті.

- 2024 жылы инвестиция көлемі 18,6%-ға өсіп, 124,1 млрд теңгені құрады.
- Өнеркәсіп көлемінің 4,1%-ға, бөлшек сауданың 10,0%-ға және көтерме сауданың 2,7%-ға өсуі байқалды.
- 9 мыңнан астам бизнес субъектілерінің белсенділігі есебінен салық түсімдері 6,4%-ға өсіп, 4,1 мың жаңа тұрақты жұмыс орны құрылды.
- 2024 жылы аудан бюджеті 27%-ға өсіп, 21,4 млрд теңгені құрады.
- 2025 жылы тұрғындардың өмір сүру сапасын одан әрі дамыту және жақсарту мақсатында аудан бюджеті 20%-ға ұлғайтылып, бүгінгі таңда 26,9 млрд теңгені құрады.



Мәслихат сессиясы:

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

VIII шақырылымдағы Алматы қалалық мәслихатының кезектен тыс XXVII сессиясы өтті.



Нұрлан
СҮЙІН

Сессия жұмысына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин, мәслихат депутаттары және жергілікті атқару органдарының төрағалары қатысты. Күн тәртібінде мегаполистің дамуына қатысты бірнеше стратегиялық мәселелер қаралды.

Басты тақырыптардың бірі – «Қаланы жылумен қамтудың 2030 жылға дейінгі, одан әрі 2040 жылға дейінгі даму жоспары» болды. Бұл құжат жылу желілерін модернизациялау мен реконструкциялауды қарастырады. Ескірген технологиялар мен құрылғыларды ауыстыру, сонымен қатар шаһардың жаңа, болашағы бар

аудандарында қазандықтар салуды қарастырған.

Бұл бұрынғы, қолданыстағы қазандықтарға күш түсірмей, апат қаупін сейілетеді. Бұдан басқа жылу желілерінің құбырларын жаңа, изоляцияланған, алыстан бақылауға болатын құбырлармен ауыстыру қарастырылған. Аталмыш жаңалықтар жылудың үздіксіз берілуіне және эксплуатациялық шығындардың төмендеуіне әкелуі керек.

Сессияда тағы бір талқыланған мәселе – жақында ашылған қоғамдық көлік бағыттарының тұрғындарға қолжетімді болуы үшін әлеуметтік маңызды деп тану болды. Бүгінде мегаполис маңы тұрғындары үшін қоғамдық көліктердің қолжетімсіздігі өзекті мәселеге айналып отыр. Алматыға күніне 300 мыңнан астам жеңіл көлік кіріп-шығады, ол қаланың көлік қозғалысы мен экологиясына зиян келтіріп отыр. Шаһарға кіретін көлік қозғалысын азайту және қалалықтардың жүріп-тұруын жеңілдету мақсатында Ал-



маты әкімдігі 147 қалалық, 57 қаламаңы қоғамдық көлік бағыттарын ұйымдастырған. Солардың ішінен 178 бағыт қана әлеуметтік маңызды деп танылып отыр.

Мәслихат депутаттары қалған 23 бағытты да әлеуметтік маңызды деп тануды қолдады. Қалалық мәслихат сессиясында бұдан өзге де бірқатар мәселелер талқыланды.

ОҚУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ

күрделі жөндеуге
жабылады

Алматыдағы байырғы білім мекемелерінің бірі – Д.Снегин атындағы №30 мектеп-гимназиясы күрделі жөндеуге жабылатын болды. Жарты ғасырлық тарихы бар мектепке бұған дейін мұндай күрделі жөндеу жүргізілмеген еді. Сондықтан мектеп оқушылары жаңарту жұмыстары кезеңінде дәріс алуды Медеу ауданының басқа білім беру мекемелеріне жалғастыратын болады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, 46 жыл бұрын салынған №30 мектеп-гимназиясы ашылғалы бері күрделі жөндеуден өтпеген көрінеді. Бүгінде реконструкциялау жұмыстарын бастау үшін барлық дайындық шарасы аяқталып, мердігер компания да белгілі болды. Сәтін салса, құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың наурызы айында басталмақ.

Бұл ретте қала басшылығы 2026-2027 оқу жылына дейін оқушыларға жайлы жағдай жасауды жоспарлап отыр. Күрделі жөндеу жұмыстарын бастау туралы түпкілікті шешім қабылдамас бұрын барлық білім беру үдерісіне қатысушылар мен ата-аналар алдын ала құлағдар етіледі.

№30 мектеп-гимназиясын жаңарту жобасы аясында ең алдымен мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, заманауи пәндік кабинеттермен жабдықталады, мектеп жиһазын жаңартып, кітапхана мен асхана жаңғыртылады, спорт залы жаңғыртылады, қауіпсіздік жүйелерін орнату да көзделіп отыр.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МОБИЛЬДІ ЭКОСТАНЦИЯ ЖОБАСЫ алматылықтарды белсенді іс-әрекетке шақырады

Мегаполисте экологиялық бастамаларды талқылау аясында «Эко-хабтың» толық таныстырылымы өтіп, ұйымның осы күнге дейінгі атқарылған жұмыстары баяндалып, көрсетілді.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

«Эко-хаб» командасы қалдықтарды жинау және қайта өңдеу процесін жеңілдету мақсатында мобильді экостанция жобасын іске қоспақ. Бұл экологиялық бастама қала тұрғындарын белсенді әрекетке шақыруға бағытталған. Орталыққа жаңа жылдан бастап арнайы өңдеу жабдықтары сатып алынған. Ол құралдар жұмысты жеңілдетуге көмектесіп, қалдықтарды тез және тиімді өңдеуге мүмкіндік береді.

Ұйым өз жұмысында теория мен тәжірибені ұштастырып, тұрғындарды экологиялық шараларға тартудың креативті деген барлық әдістерін қолдануда. Мұнда тек лекциялар тыңдалып қана қоймай, шеберлік сабақтары өткізіледі, қалдықтардан жаңа пайдалы заттар жасауға мүмкіндіктер бар. Эко-хаб қала экологиясын жақсартуға бағытталған маңызды бастама екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений МҰХАМЕДЖАНОВ,
«Эко-хабтың» негізін қалаушы:

Біздің жобаларымыз Алматыда да сәтті жүзеге асып жатыр

Басты мақсатымыз – қала тұрғындарының экологиялық мәдениетін көтеру. Келушілер өз үйлеріндегі қажет емес, бірақ қайта өңдеуге жарамды деген қалдықтарды әкеліп, өткізеді. Бұл – қоғамның экологияға деген көзқарасының өзгеріп келе жатқанын көрсететін маңызды қадам. Көпшілік мұндай бастамалар тек Еуропада ғана жұмыс атқарады деп ойлайды. Бірақ біздің жобаларымыз Алматыда да сәтті жүзеге асып жатыр. Экология – әрбіріміздің жауапкершілігіміз.

Мысалы, біз үлкен жүк көлігіне қажетті құрал-жабдықтарды тиеп, қала көшелерімен жүріп, мектептер мен көпқабатты үйлердің аулаларында аялдаймыз. Онда біз тұрғындардан қажет емес пластиктің әртүрлі түрлерін қабылдап, экологиялық мерекелер ұйымдастырамыз. Бұл шаралардың мақсаты – халықты экологиялық мәдениетке тарту. Біздің ойымызша, экология туралы тек айту жеткіліксіз, оған нақты іс-әрекет керек.



МЕЙІРІМ ҮЙІ

«Аяла» орталығына – 35 жыл!



жұмыстардың арғы жағында кемтар адамдарды күтіп-қарауда асқан сабырмен төзімі, мейірімді де жылы жүрегі бар әлеуметтік қызметкерлер тұр.

Жақында Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің еңселі ғимаратында әлеуметтік қызметкерлер төрге жайғасып, оларға лайықты құрмет көрсетілді. Осы мекеменің де, сырқат жан бағып отырған отбасылардың да ыстық-суығына бірдей

төзіп, олармен қиын сәтте бірге болып, адал қызмет етіп жүргеніне 15 жылдан асқан ардагерлердің кеудесіне мерейтойлық медаль тағылды. «Алғыс хатпен» марапатталды. Құшақтары гүлге толды. Ән-жырдан шашу шашылды. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов 35 жылдық белестен өткен әріптестерін құттықтап, жылы лебізін білдірді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАМҚОРЛЫҚ АЛАҢЫ

«Парасат» әлеуметтік қызмет орталығы ашылды

Алматыда айрықша әлеуметтік қызмет көрсететін «Парасат» орталығының жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты бұл орталық Орталық мүгедектігі бар, психоневрологиялық аурулары бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар мен ересектерге әлеуметтік қызмет көрсетеді.



Нұржамал
ӘЛІШ

Орталық жүйке жүйесінде кінәраты бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған 1,5–18 жас аралығындағы мүгедек балалар мен психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдарға үйінде әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Мұнда жартылай стационарлық үлгіде әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қызметтер көрсетіледі. Бұл дегеніңіз, жұмыс істейтін ата-ана ауру баласына алаңдамай, орталыққа қалдырып, күндіз жұмысына кете береді.

«Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығының негізгі мақсаты – әрбір қызмет алушының жеке дамуын ескере отырып, оларды оңалту, күнделікті тұрмысқа да бейімделуіне көмектесу және қоғамға интеграциялау. Ал осынау жауапкершілігі жоғары



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Зульфат ТАЛИПОВА,
«Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы бөлімшесінің консультанты:

ЖҮРЕКТЕРДІ ЖЫЛЫТАМЫЗ

Бұл салада еңбек етіп жүргеніме жиырма жылдан асыпты. Қазір «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығының 1,5–18 жас аралығындағы мүгедек балаларға үй жағдайында қызмет көрсету бөлімшесінің консультантымын. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйіне барып қызмет көрсетеміз. Иә, әрине, оңай емес. Бірақ мүгедек жан бағып

отырған ата-аналарға қоғамнан, айналасынан демеу, қолдау керек. Біз олармен қандай жағдайда да бірге екенімізді білдіреміз. Мен де мүмкіндігі шектеулі балалардың уақытының жақсы өтуіне үлесімді қосып жүргенімді мақтан етемін. Ақыл-есі төмен деген балалардың өзі үйге кіріп келе жатқанымызды дауысымыздан танып қуанады, күлімдеп, сені күткенін білдіреді. Ол да бір әдемі сәт қой. Сондықтан жылуымызды аямауға тырысамыз. Бәріміз бірдей бұл жұмысты қиынсынып кетіп қалсақ, ол жандарға кім қамқор болады?! Мемлекетімізге рахмет, осындай әлеуметтік топтағы адамдарды өз жағдайымен қалдырып қоймай, қолдау көрсетіп отырған. Осындай еңбегі бағаланып, төсбелгі алған әріптестерімді мақтан етемін және барлық жақсылығына тілекшімін.

АЛМАТЫДАҒЫ ХҚКО ҚАЛАЙ ДАМЫП ЖАТЫР?

2024 жылғы халыққа мемлекеттік қызмет көрсетілген саны

2,6 млн

Алматы ХҚКО-тары:



Қалада ХҚКО жалпы саны

13



ХҚКО-да автокөлік бойынша мамандандырылған бөлім саны

4

2024 жылы көрсетілген қызметтердің жалпы саны

2 618 540

Азаматтар дербес алған қызметтер саны

602 000

Алматылықтар ең көп пайдаланатын ТОП-5 қызмет:

- Көлік құралдарын тіркеу/қайта тіркеу;
- Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) беру мен кері қайтару;
- Жүргізуші куәлігін алу;
- Әлеуметтік қамсыздандыру қызметі.

Бұдан тыс, уақытша келген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдарға ЖСН қалыптас-тыру мен түзету қызметі де бар.

Алматыдағы ХҚКО дамуы:

- «Халықтың цифрлық кеңселері» – фронт-офистік қызмет көрсетеді;
- Құжатты өздігінен рәсімдеуге арналған терминалдар;
- Терминалдар оператордың көмегінсіз жұмыс істейді;
- Жеке куәлік пен паспортты небәрі 5 минутта рәсімдей алады;
- 3 ХҚКО-да тәулік бойы жұмыс істейтін постапаттар іске қосылды.

«ХҚКО» мобильді қосымшасында қолжетімді қызметтер:

- Азаматтарға бейнеқоңырау шалу;
- ХҚКО кезегін броньдау;
- Көлік жүргізу жөніндегі практикалық емтиханға жазылу;
- Неке қиюды тіркеуге өтінім беру мемлекеттік қызметтері қолжетімді.

Аталған мәліметтер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Алматы филиалы мен оның Фронт-офистерді үйлестіру басқармасы өткізген баспасөз жиынынан алынды.



Цифрлық Әділет:

Халықтың құқықтық сауатын дәйекті түрде арттырып, қоғам санасына адами құндылықтарды сіңірген жөн. Әрбір азамат өз сөзі мен әрекетіне заң тұрғысынан есеп беруі тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Әділет министрлігі тұрақты негізде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Елімізде 2024 жылы «Халық заңгері», «Әділет кеңес береді», «Ашық есік күні», «Тегін заң көмегі күндері» акциялары іске қосылды. Өткен жылы республиканың барлық өңірлерінде жалпы саны 100 мыңнан астам адамды қамтитын 1310 консультативтік-түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Ауылдық елдімекендер тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында 2000-ға жуық «Құқық кабинеттері» ашылды. Олар аудандық, ауылдық клубтардың ғимараттарында, демалыс орталықтарында жәнет.б. «eGov» бұрыштарының базасында жұмыс істейді.

Кабинеттерде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен танысу үшін «Әділет» АҚЖ, «Заң» ДБ қолжетімділігімен, сондай-ақ ақпараттық жүйелерге (*e-otinish*, «*Ашық НҚА*» порталы және т.б.) қолжетімділігімен толық техникалық жабдықталған.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Әрбір цифрлық реформа, әсіресе, заң көмегіне қол жеткізу шектелген шалғай аймақтардағы адамдар үшін неғұрлым қолжетімді сот төрелігіне жасалған қадам». Eur.kz сайты арқылы онлайн-режимінде заң қызметтерін ұсынуға және алуға арналған «E-ZanKomegi» заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі іске қосылды, сондай-ақ, азаматтар өздерін қызықтыратын құқықтық сұрақтарға бейнеқоңырау арқылы жауап алуға болатын «Zan Komegi» мобильді қосымшасы да қолжетімді. «Zan Komegi» жүйесінде 2 мыңнан астам адвокат пен заң кеңесшілері арқылы 472 мыңнан астам азамат білікті заң көмегін алды.

Бейнеқоңырау арқылы онлайн-режимде мүлкті басқаруға қатысты сенімхаттарды қоспағанда, сенімхаттар мен ерлі-зайыптылардың келісімдерінің барлық түрлерін беруге мүмкіндік беретін «Е-нотариат» бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі жұмыс істейді. Бұл

«E-ZanKomegi» заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі



Бүгінгі таңда

472 мыңнан аса адам

көмек алды



2 000 жуық

адвокаттар мен заң кеңесшілері консультация жүргізуде

қызметті 176 мың азамат пайдаланды. Бұдан бөлек, заңсыз әрекеттердің алдын алу мақсатында клиенттерді биометриялық сәйкестендіру қолданылады, өтініштерге қол қою кезінде QR-қол қою сервисі қолданылып, қызмет нәтижелері 24/7 режимінде EgovMobile «Цифрлық құжаттар» сервисінде қолжетімді. Осылайша осы қызмет арқылы Қазақстан азаматтары нотариусқа бармай-ақ 168 мыңға жуық сенімхат пен ерлі-зайыптылардың 67,5 мың келісімін заңды түрде ресімдей алды.

Тағы бір маңызды жетістік – «Сот орындаушысы роботын» енгізу болып табылады. Мәселен, 20 АЕК-ке дейінгі әкімшілік айыппұлдар уақытылы төленбеген жағдайда уәкілетті орган мәліметтерді жеке сот орындаушының қатысуынсыз іс жүргізуді қозғайтын Робот сот орындаушысына береді. Іс қозғалғаннан кейін азаматтар іс туралы егжей-тегжейлі ақпараты бар EGov

Mobile-да 1414-тен SMS хабарлама және push-хабарлама алады, сол арқылы азаматтар айыппұл сомасының 25%-ын қосымша төлеуден және сот орындаушысына барудан босатылады, өйткені барлық әрекеттер онлайн-режимінде жүргізіледі.

Цифрлық сот орындаушысы іске қосылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін 2,2 млрд теңге сомасын құрайтын 109 мыңнан астам атқарушылық іс қозғалды. Азаматтардың пайдасына үнемделген сома 550 млн теңгені құрады.

• 2025 жылы адамдардың өмірін цифрлық дәуірде жеңілдету және ыңғайлы ету, сондай-ақ уақыт пен ақшаны үнемдеу үшін Әділет органдарының жұмысын жақсарту жоспарлануда.

Негізгі өзгерістер:

• 2025 жылы 300 мыңнан астам азаматты құқықтық сауаттылығын оқыту жоспарлануда.

• ЖИ – «Әйтеке» көмекшісі – қарапайым заңгерлік кеңестер беруге және құжаттарды жинауға көмектесуге арналған чат-бот.

• Робот-сот орындаушысының құзыреті кеңейіп, ол айналысатын берешек мөлшерінің шегі 20-дан 40 АЕК-ке дейін артады, бұл азаматтардың пайдасына жылына 12,2 млрд теңгеге дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бұларды тәуліктің кез келген уақытында пайдалануға мүмкіндік бар, әр бағыт қарапайымдылығымен, жеделдігімен және қолжетімділігімен ерекшеленеді.

• Қабылданған шаралар азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырып, өз құқықтары мен міндеттерін мейлінше түйсінуге ықпал етпек. Қызмет көрсетуді жеңілдету жұмысының нәтижесінде қазақстандықтардың уақыты мен қаражаты үнемделеді, аталған қызметтерді алудың қолжетімділігі мен ыңғайлылығы артып, сондай-ақ әкімшілік кедергілер жойылады, бұл процесті неғұрлым ашық және тиімді етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Балаим КЕСЕБАЕВА,
Алматы қаласы
Әділет департаментінің
басшысы:

БІРЫҢҒАЙ
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ
білікті заң көмегіне
қолжетімділікті
жеңілдетуге бағытталған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Digital Justice» жобалар портфелін іске асыруда. Оның аясында азаматтардың қаржылық және уақыттық шығындарын үнемдей отырып, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру шаралары қарастырылған. Бұл шаралардың ішінде жасанды интеллектіні қолдану да бар. Қазіргі уақытта халыққа онлайн-режимде білікті заң көмегін ұсынуға арналған «E-ZanKomegi» бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істеп тұр. Бұл жүйе азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған. Қазіргі таңда жүйеге 1949 адвокат пен заң кеңесшісі қосылған. 2023-2024 жылдары ішінде 88 738 іс қаралып, порталға 6749 қолданушы кірген.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында атап өткендей: «Қазақстан цифрландыруда, әсіресе мемлекеттік қызметтер саласында, айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бірақ

бұл – тек алдағы дамудың бастапқы кезеңі.

Өзін-өзі қамтамасыз ететін цифрлық экожүйе құру үшін сапалы деректер мен сенімді қорғаныс жүйесі қажет». Осы бағытта Әділет министрлігі екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, жақын арада Астана және Алматы қалаларында жылжымайтын мүлкті онлайн тіркеу жобасын іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл жоба тараптар мен нотариустың видеоқоңырау арқылы мәміле рәсімдеуін, сондай-ақ биометриялық сәйкестендіру мен электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қолдану арқылы процестің толық бақылануын қарастырады.

Жобаның негізгі артықшылықтары: уақыт шығынын қысқарту, заңсыз мәмілелердің алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қызметті пайдалану үшін белгілі бір банктің клиенті болу міндетті емес – Қазақстан Республикасының кез келген азаматы ЭЦҚ арқылы тіркеліп, осы қызметті ала алады. Қазақстан азаматтары нотариусқа бармай-ақ 200 мыңға жуық сенімхат пен 70 мың ерлі-зайыптылар келісімін заңды түрде рәсімдеді.

Әділет министрлігі Нотариустар палатасымен бірлесіп, бірқатар нотариаттық қызметтерді онлайн форматқа ауыстырды. Енді азаматтар сенімхаттар, кеңестер және ерлі-зайыптылардың келісімін нотариусқа бармай-ақ, видеоқоңырау арқылы ала алады. Барлық құжат «Цифрлық құжаттар» сервисінде сақталады. Мұндай жаңашылдықтар уақытты үнемдеп, халықтың сапалы әрі қауіпсіз қызмет алуына мүмкіндік береді.

Бекболат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Астана қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары:

Құқықтық кеңес беруде
жасанды интеллекттің пайдасы көп

Мемлекет басшысы Үкіметке «Қазақстан – жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні жедел дамыту аумағына айналуы тиіс. Бұл – біздің стратегиялық міндетіміз» деп, цифрландыруды толыққанды дамыту жөнінде тапсырма берді. Осы негізгі міндеттер аясында Әділет министрлігі «Digital Justice» жобалар портфелін іске асыруда. Ол азаматтардың қаржы және уақыт шығындарын үнемдей отырып, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған, соның ішінде жасанды интеллектіні қолдану шараларын қамтиды.

Қазіргі таңда заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі – «E-ZanKomegi» жұмыс істейді. Осы жүйе халыққа онлайн-режимде білікті заң көмегін көрсетуге арналған. Аталған жүйе азаматтардың адвокаттар мен заң кеңесшілерінің қатысуымен білікті заң көмегіне қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған. Қазақстан Республикасы бойынша «E-ZanKomegi» жүйесіне кірген пайдаланушылар саны – 6749.

Қазіргі уақытта операторлар тәулік бойы кеңес беретін консультациялық қызмет іске қосылды. Кеңес алу үшін «eGov.kz» порталында тиісті бөлімді таңдап, қызмет көрсету үшін өтініш қалдыру қажет. Сондай-ақ, құқықтық кеңес беру мүмкіндігі «Zan Komegi» ақпараттық жүйесі арқылы қарастырылуда. Мұндай құқықтық кеңесті адвокаттар мен заң кеңесшілері ұсынады. Сонымен қатар, құқықтық кеңес беруге арналған жасанды интеллект элементтері бар чат-бот әзірленіп, «Zan Komegi» мобильді қосымшасының тәжірибелік ортасында тестілеуден өтуде.

Жасанды интеллектіні енгізу мақсатында министрлік IT-ұйымдармен бірлесіп жұмыс тобын құрды. Оған заң бағ, irgav, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті және басқа да ұйымдар қатысуда.

Енді азаматтар осы қызметтерді онлайн форматта бейнеқоңырау арқылы, нотариусқа бармай-ақ ала алады. Барлық дайын құжаттар «eGov.kz» порталындағы «Цифрлық құжаттар» сервисінде көрсетіледі.

Ақпараттық қауіпсіздік мақсатында қосымша екі факторлы аутентификация енгізілді – SMS-код пен ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы тексеру.

Әділет министрлігі Нотариаттық палатамен бірлесіп сенімхаттар, кеңестер, ерлі-зайыптылардың келісімдері және некенің жоқтығы туралы өтініштер сияқты бірқатар нотариаттық қызметтерді онлайн форматқа ауыстырды.

КИНОКЕҢІСТІК

ФОЛИ ӨНЕРІ

Дыбысты шынайы шығару –
фильм мен анимация сапасын арттырады

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Дыбыс жазу өнерінің тарихына келер болсақ, бұл әдіс ХХ ғасырдың басында Джек Фоли (Jack Foley, 1891–1967) есімді дыбыс режиссері арқылы әлемге кең тараған. Ол 1920–1930 жылдары дыбыссыз фильмдерге қосымша дыбыстар енгізудің шебері болған. Сондықтан бұл бағыт оның атымен «Foley» яғни «фоли әдісі» деп аталып кеткен. Оның ең алғашқы жұмыстарының бірі – «Show Boat» (1929) фильмі.

Кинематографияда «киноның 70 пайызы дыбыстан тұрады» деген теория бар. Ал сіз кино өнерінің негізгі элементі ретінде нені атар едіңіз? Кез келген фильмдегі дыбыстар шынайы өмірден анық естіледі, оның сыры неде? Кинода, телевизиялық өнімдерде, анимациялық фильмдер мен әртүрлі телешоуларда дыбыстар өмірдегіден әлдеқайда шынайы әрі әсерлі шығатынын байқап жүрген боларсыз. Оның бәрі бізге беймәлім, көбі біле бермейтін дыбыс жасаушы мамандар – фоли әртістерінің еңбегі.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ЖАНСЫЗҒА ЖАН БІТІРЕТІН
МАМАНДАР

Фоли әртісі (foley artist) дегеніміз – фильмдегі табиғи дыбыстарды жасап шығаратын маман. Киноның түсірілімі кезінде камерамен немесе әртүрлі құрылғылармен сыртқы дыбыстарды нақты әрі таза жазу мүмкін емес. Сондықтан түсірілім аяқталғаннан кейін мамандар әртүрлі материалдар мен заттарды пайдаланып, дыбыс студиясында кинотуындыда кездесетін дыбыстарды қайта жазып шығады. Мысалы, адамның басқан қадамын (қардың, тастың, құмның, ағаштың үстіндегі) дыбыстау үшін фоли мамандары әртүрлі аяқкиімдерді пайдаланады, киіммен қозғалыста мата қыртыстарының, қолғаптың дыбысын шығарады. Аттың шабысын беру үшін кокос жемісі жиі пайдаланылады. Тіпті, «кокос әсері» деген нақты термин пайда болған. Ортасынан қақ бөлінген кокосты бір-біріне соққандағы дыбыс жүйрік аттың шабысынан да шынайы қабылданатыны жайында кинематографиялық стереотип қалыптасқан.

ОТАНДЫҚ КИНОИНДУСТРИЯ:
ДЫБЫС ДИЗАЙНЕРЛЕРІНЕ
СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Қазақстанның кино тарихында алғашқы дыбыстандыру 1930 жылы Мәскеуде жүзеге асты. Кейін Алматыда 1941 жылы алғашқы киностудия құрылып, отандық дыбыс өндірісі қалыптаса бастады.

Бұл саланың өзі бірнеше бағытқа бөлі-

неді. Ең маңыздылары – фоли әртістері, саунд-дизайнерлер және дыбыс инженерлері. Фоли әртістері туралы жоғарыда жазып кеттік, екіншісі – саунд-дизайнерлер фильм мен жарнамалардың дыбысын құрастырады. Олар табиғи дыбыстарды өңдеп, ерекше эффект жасайды. Дыбыс пен бейнені әдемі үйлестіріп, оқиғаны әсерлі жеткізе алады. Ал дыбыс инженері дыбыс жазып, қажетсіз шуларды тазалау жұмыстарымен айналысады. Дыбыстың деңгейін реттеп, монтажын жасайды. Үшеуі де көзге көрінбейтін, өте маңызды мамандар. Олардың еңбегі арқылы дыбыстарға жан бітіп, шынайы әрі әсерлі болып шығады.

Қазақстанда кинолар мен телехикаяларға дыбыс жазатын бірнеше студия бар. Әсіресе, Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы осы өнердің дамуына үлкен үлес қосып келеді. Қазір де отандық фильмдер мен мультфильмдердің дыбысын жазып, өңдеу жұмыстарымен айналысады. Одан бөлек, Tengri Sound, Aray Production, Nomad Sound сияқты жеке дыбыс студиялары дыбыс монтажы мен саунд-дизайн қызметтерін ұсынады. Тәуелсіз дыбыс мамандары түрлі жобаларға фрилансер ретінде қатысып, фоли өнерін дамытып келеді. Дубляждалған шетелдік фильмдерге дыбыс береді.

Қазақстандық фоли әртістері көптеген отандық және халықаралық жобаларда жұмыс істейді. «Жаужүрек мың бала», «Қазақ хандығы», «Томирис» сынды тарихи фильмдердегі шайқас сахналарындағы қылыштың дыбысы, ат тұяғының дүбірі сияқты дыбыстар арнайы жазыл-



Коллажды жасаған Нұрболсын ОРІСҮЛЫ.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

ФОЛИ ӘРТІСТЕРІ:

- Қардың сықырын жасау үшін жүгері ұнын пайдаланады;
- Жауын тамшысын дыбыстауда контейнерге су тамызады;
- Жыланның ысылын жасау үшін су толтырылған ыдысты ақырын қысу әдісі қолданылады;
- Аттардың тұяқтарының дыбысы – кокос жаңғақтарын екіге бөліп, бір-біріне соғу арқылы жасалады;
- Актерлердің қозғалысы мен киімдерінің дыбысы бөлек жазылады. Себебі, кино түсірілімі кезінде адамдардың жүрісі, заттарды ұстауы, үстіндегі киімнің дыбысы көбіне кадрдан тыс қалады. Кейін фоли мамандары студияда бұл дыбыстарды қайта жазып шығады. Сонда анық әрі нақты естіледі.

ған. Ал «Күлтегін», «Мұзбалақ» анимациялық фильмдерінде әр қимылдың дыбысы фоли әдісімен жасалды. Netflix және басқа шетелдік жобаларға дыбыс дубляжы Қазақстанда жасалып, әлемдік нарыққа шығуда.


«Қазақфильм» киностудиясында дыбыс жазумен айналысатын бөлім бар. Әрбір маманның атқаратын міндеттері бар. Фоли әртістері арнайы тапсырыс болғанда келіп жұмыс атқарады, қозғалыстар мен заттардың дыбыстарын жасайды. Одан кейін дыбыс инженерлері жазылған дыбыстарды өңдейді, саунд-дизайнерлер фильмнің жалпы дыбыстық құрылымын жасайды.

«Қазақфильмнен» бөлек, Қазақстанда дыбыс студиялары бар, бірақ олардың көпшілігі кино емес, жарнама мен дубляжға көп көңіл бөледі. Кейіпкеріміздің пікірінше, шетелдермен салыстырғанда, елімізде бұл сала аса дамымаған. Әсіресе, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Францияда және Жапонияда жақсы дамыған. Бұл елдер салаға көп қаражат бөледі. Голливудтық фильмдердің дыбыстық сапасы жоғары болуы содан. Егер елімізде кәсіби мамандар мен технологияларды көбейтсе, отандық кинодағы дыбыстық сапа жаңа деңгейге көтерілері айқын.

ТҮЙІН:

Қазақстанда бұл сала әлі де қалыптасу сатысында. Дыбысты шынайы әрі әсерлі етіп жасау фильм мен анимация сапасын арттырады. Фоли өнері жыл сайын жаңа технологиялармен толығып келеді. Алдағы уақытта бұл салаға сұраныс артып, кино әлемінде маман-шеберлердің көбеюіне ықпал етері анық.

(Мақаланың толық нұсқасын aqshamnews.kz сайтынан оқи аласыздар.)



Жанар ДОСҚАЛИЕВА,
Шәкен Айманов атындағы
«Қазақфильм»
киностудиясының
дыбыс супервайзері:

КИНОЛАРДАҒЫ
БЕЙНЕЛЕР
АҚПАРАТТЫ
ТОЛЫҚ БЕРЕ АЛМАЙДЫ

Фоли әртісі мамандығын Мәскеу қаласындағы Мосфильмде оқыдым. Фильмдегі қозғалыстар мен шулардың дыбысын салатын мамандар бар. Жалпы, біз көретін киноларда жәй ғана бейнелер ақпаратты толық бере алмайды. «Біз кинодан көретіндердің 70 пайызы дыбыстан тұрады» деген сөз шындыққа сай келеді деп ойлаймын. Дыбысты жазатын мамандардан бөлек, біз дыбысты әрлейміз. Фоли әдісінде синхронды шу және синхронсыз шу деген бар.

Біз тек синхронды шуларды жасаймыз. Ол көзге көрінетін қозғалыстардың барлығын дыбыстау болып есептеледі. Мысалы, жел, су, теңіз толқыны экранда көрінбесе де, дауысы естіліп тұрады. Бізде суға қатысты дыбыстардың барлығын жасау үшін үлкен ванна бар. Дыбыс жазуға арналған түрлі материалдар жетерлік. Бірақ әрбір жобаға, әрбір киноға қосымша заттар алдыртамыз.



Аида ЕЛГЕЗЕКОВА,
Дубляж және субтитр бөлімінің
бас маманы:

ДЫБЫСТАРДЫ АЖЫРАТА
БІЛУ МАҢЫЗДЫ

Дыбыс – көрерменді фильм атмосферасына терең бойлату үшін ең маңызды құрал. Кинода көрермен кейіпкерлердің қадамын, есік сықырын, жауын тамшыларын, қылыштардың «айқасын» немесе қағаздың сыбдырын шынайы әрі анық естиді. Бірақ мұндай дыбыстар фильм түсірілімі кезінде емес, кейін студияда жасалатын кездер жиі болады. Ондай дыбыстарды шынайы беретін мамандарды фоли әртістері деп атайды. Олар кадрдағы әрекеттерге сәйкес әртүрлі заттармен дыбыс жасап, оның табиғи естілуі үшін көп еңбектенеді.

Мысалы, фильмде жауын жауып тұрса, студияда біз оған ұқсас дыбысты шығару үшін пластикке су тамызуымыз мүмкін. Тағы сол сияқты, тарихи фильмдердегі батырдың қылышының дыбысы металл сынықтарын үйкелеу арқылы шығарылады, ал сынған сүйектің дыбысы үшін қабығы бар көкөністерді пайдаланамыз. Көрермен көріп отырған кадрларды естіген дыбыстармен толықтырып, шынайы өмірдегідей қабылдайды. Егер дыбыс сапасы нашар болса, көрермен фильм әсеріне толықтай ене алмайды. Сондықтан фоли әртісі болу үшін ең алдымен, есту қабілеті жақсы болуы керек және дыбыстарды ажырата білуі өте маңызды. Әртүрлі заттардың қалай дыбысталатынын түсініп, арасында импровизация да қоса білуі керек. Дыбыс жазу және өңдеу технологияларын меңгеру де – басты талаптардың бірі.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ



Әлемдік рекорд: АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫ

Сая Қыдырәлі – жаһандағы ең жас IELTS-9.0 сарапшысы

(Басы 1-бетте)

«ЖЕТІСТІГІМНІҢ БӘРІ АНАМНЫҢ ЕҢБЕГІ»

– Сая, алғашқы сұрағымыз бүкіл әлеуметтік желіні шулатқан IELTS тесті жайлы болмақ. Мұндай нәтижеге қалай қол жеткіздің? Бұл сынаққа қандай мақсатпен қатыстың?

– Алғаш рет 11 жасымда IELTS-ті тапсырып, 6,5 ұпай жинағаным есімде. Сол жолы өзімді өте ыңғайсыз сезіндім. Себебі, менің күткен нәтижеме бұдан жоғары болған еді. «Сонда мен үшін осыншама тер төккен анамның еңбегі қайда қалды?» деп іштей налыдым. Сол жолы алдыма үлкен мақсат қойып, көрсеткішті 9 балға дейін көтеруді көздедім. Араға алты жыл өткенде, сол арманына қол жеткіздім. Менің ең алғашқы ұстазым – анам Шолпан Дінәсілова. Әрине, бізде көптеген қаржылай қиындықтар болды. Соған қарамастан, 11 жасымда IELTS-ты тапсырамында анам бетімнен қақпады. Бірақ сол IELTS-тың ақысын төлеу үшін анам бір аяқкиімін төрт маусым бойы киді. Анамның перзенті үшін қалай еңбек еткенін ешқашан ұмытпаймын. Қаржылай қиындық көрсе де, маған қажетті кітаптар мен IELTS-тің ақысын төледі. Жетістігімнің бәрі анамның еңбегі. Қазір анамның еңбегін мақтанышпен айтып отырамын. Әңгімені

анамнан бастап отырғаным да сондықтан.

Сәтін салса, әлі де көп нәрсеге қол жеткізіп, биікті бағындырамын сөзсіз. Міне, анамның еңбегінің ақталғаны осы емес пе, алғашқы жеңіске қол жеткізіп, әлемдегі ең жас IELTS-9.0 сарапшысы атандым. Мен үшін бұл күн ешқашан ұмытылмайтын шығар. Нәтижеме ашқан кезде көзім бірден 9 деген ұпайға түсті. Сенер-сенбесімді білмедім. Көзім бұлдырап кеткен шығар деп, қайтадан қарағанда ғана өзімнің 9 балл алғанымды түсіндім. Бірден анама хабарласып, жаңалықты жеткіздім. Негізінен, мен IELTS-ты өзімнің мүмкіндігімді, білімімді сарапқа салу үшін тапсырған едім. Жалпы, мұнда тыңдау және сөйлеу кезеңдері барлығына бірдей. Reading және Writing-ке келетін болсақ, олардың бағдарламасы үміткерлердің IELTS тапсыру арқылы қол жеткізгісі келетін мақсаттарына қарай таңдалады. Ал General Training-ті егер сіз ағылшын тілінде сөйлейтін елге көшуді немесе сол жерде жұмысқа орналасуды жоспарласаңыз, ал Academic-ті (академиялық тест) ағылшын тілінде сөйлейтін университетте оқығыңыз келсе тапсырасыз. Ағылшын тілін еркін сөйлесем де мен жоғары балл алу үшін бұған дейін халықаралық емтиханды 20 рет тапсырдым.

«ЖЕТІ ЖАСЫМДА АҒЫЛШЫНША ЕРКІН СӨЙЛЕДІМ»

– «Ағылшын тілін меңгеру» мен IELTS тапсыру арасында айырмашылық бар ма?

– Әрине, айырмашылық бар. Меніңше, өз тілін жетік білетін ағылшындардың өздері де IELTS тапсырса 6,5 алады деп ойлаймын. Академиялық ағылшын тілі болғандықтан, бұл өте маңызды. Дұрыс тапсыру үшін ең алдымен оның форматын білу керек.

– Сая, ағылшын тілін алты жастан бастап үйрендім дедің. Жалпы, алты жастағы балаға ағылшын тілі не үшін қажет болды?

– Әрине, басында өзге тілді үйрену маған оңайға соқпады. Жалпы, ағылшын тілін маған алты жастан бастап анамның үйрете бастауы кездейсоқ емес. Өйткені, анамның екінші мамандығы – ағылшын пәні мұғалімі. Оның үстіне бұл жаста бала кез келген тілді тез қабылдайды. Содан анамның көмегімен әріпті үйреніп, жеті жасымда ағылшынша еркін сөйлей бастадым. Көп ұзамай сөйлеп қана қоймай, ойлайтын деңгейге жеттім. Түсіне келе, ағылшын тілі маған қызық бола бастады. Тіпті, ағылшын тілін өте қатты жақсы көріп кеттім. Анам менің тілімді жетілдіру үшін мультфильм емес, көбіне BBC мен CNN-нің деректі фильмдерін қосып қоятын еді. Әлі есімде, анам менің тілді жетік үйреніп, деңгейімді терең дамыту үшін 8-9 жастағы балаларға арналған ағылшынша сөйлеу клубына бермекші болды. Бір қызығы, мұндай клубтар бізде жоқ болып шықты. Сол кезден «жеке ағылшын тілі мектебін ашып, оқимын деген балалардың тілін дамытсам» деп көп ойлана бастадым...

- Мен кітаптарды көп оқимын. Шетел классикасын ғана емес, өз халқымыздың жазушыларының да шығармаларын оқимын. Сосын өте көп ізденемін.

КІТАП ОҚУ – АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТЕЗ ҮЙРЕНУДІҢ ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

– Сенің тілді терең меңгеруің ерекше талантың ба, әлде еңбектің арқасы ма? Замандастарыңа ағылшын тілін тез үйренудің қандай тиімді жолын ұсынар едің?

– Менің ағылшын тілін жетік білгенім – ең алдымен қажырлы еңбектің арқасы дер едім. Көп адамдар таланттың арқасы деп жатады. Жоқ, бұл еңбек. Мен аптасына 7 күн 10 сағаттан отырып дайындалдым. Бір жыл емес, бұл алты жыл бойы қайталанды. Ал ағылшын тілін тез үйренудің ең тиімді жолы – үздіксіз кітап оқу керек. Сосын подкаст тыңдауды ұсынар едім. Мен кітапты оқып қана қоймай, сөзбе-сөз жаттайтынмын. Сол оқыған кітабым арқылы менің тілдік, лексикалық қорым молайды. Өзімді-өзім дамытып отырдым.

– Ағылшын тілі саған қандай мүмкіндіктер береді деп ойлайсың?

– Жоғары нәтижеге қол жеткізу арқылы әлемдегі ағылшын тілінің ең жас үздік білгірлерінің қатарына қосылдым. Қазіргі таңда ағылшын тілі үлкен сұранысқа ие болып отыр. Тек шет мемлекет емес, біздің еліміздің өзінде де IELTS керек. Сондықтан әрқашанда сұранысқа ие сала болып қала береді. Менің қазірдің өзінде шетелдің үздік университеттеріне түсуге мүмкіндігім зор.

«ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛЫП, ЖАҚСЫ МАМАН БОЛСАМ ДЕЙМІН...»

– Ағылшын тілін үйрететін орталықтардың оқу ақысы тым қымбат. Естуімше, сенің де тіл үйрететін орталықтарың бар көрінеді. Мұндағы оқу ақысы қалай?

– Иә, 14 жасымда ағылшын тілін меңгеріп қана қоймай, халықаралық жүйедегі тестерден жоғары ұпай жинап, екі халықаралық ұйыммен бірлесіп ағылшын мектебін аштық. «Saya education» деп аталатын ағылшын тілін үйрету орталығымыз негізін қаладым. Жалпы, өзім 9 жасымнан бастап сабақ бере бастадым. Жас айырмашылығымға қарамастан, менің де студенттерім болды. Қазір де бар. Сабақтан бос уақытымда зияткерлік мектепте ағылшын тілінен сабақ беріп, табыс тауып жүрмін. Бұл мен үшін де, анам үшін де үлкен көмек. Айтпақшы, оқу ақысына келсек, ерекше қажеттіліктері бар, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына жеңілдік қарастырылған. Сәтін салса, биыл мұндай орталықты Астанадан ашуды жоспарлап отырмыз.

– Бос уақытыңды қалай өткізесің? Ағылшын тілінен басқа қандай хоббиің бар?

– Мен кітаптарды көп оқимын. Шетел классикасын ғана емес, өз халқымыздың жазушыларының да шығармаларын оқимын. Сосын өте көп ізденемін. Менде бос уақыт жоқ деуге болады. Әрине, сергек болып, көп жұмыс істеу үшін міндетті түрде спорт керек. Сондықтан спортпен айналысамын. Суға жүзуден кәсіби шебермін.

– Алдағы жоспарларыңмен, арман-мақсаттарыңмен бөліссен...

– Биыл мектеп бітіргелі отырмын. Бірақ оқуға тапсыруға асығып отырғаным жоқ. Өзімнің жеке жоспарларым бар. Сәтін салса, жоғары білім алып, жақсы маман болсам деймін. Бірақ шетелде қалғым келмейді. Шетелдің ең үздік оқу орнына түсіп, алған білімімді еліміздің өркендеуіне жұмсағым келеді. Ол менің қолымнан келеді. Менде қабілет те, жігер де бар.

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.

- Ағылшын тілін тез үйренудің ең тиімді жолы – үздіксіз кітап оқу керек. Сосын подкаст тыңдауды ұсынар едім. Мен кітапты оқып қана қоймай, сөзбе-сөз жаттайтынмын. Сол оқыған кітабым арқылы тілдік, лексикалық қорым молайды.



ЖӘРМЕҢКЕ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ҚАЛАСЫ

Шаһарда бос орындар жәрмеңкесі өтті

Алматыда Еңбек мобильділік орталығы ұйымдастырған «Жұмысшы мамандықтары» бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Бұл іс-шара «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі аясында Принтмедиа технологиялар колледжінде ұйымдастырылды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Жәрмеңкенің негізгі мақсаты – жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер арасында тікелей байланыс орнату, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру.

Іс-шараға қаланың жетекші кәсіпорындары, жұмыс іздеушілер, колледж студенттері және БАҚ өкілдері қатысты. Жәрмеңке барысында түрлі кәсіпорындар өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынып, жұмыс іздеушілермен сұхбат жүргізді. Жұмыс берушілер қатарында құрылыс, логистика, өндіріс және қызмет көрсету салаларындағы ірі компаниялардың өкілдері болды.

Жәрмеңкеге қатысқан студенттер мен жас мамандар үшін жұмыс берушілер кәсіпорындарда тағылымдамадан өту және тәжірибе жинақтау мүмкіндіктерін ұсынды. Жәрмеңке барысында жұмыс іздеушілер жұмыс берушілермен жеке кездесіп, сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болды. Кәсіпорын өкілдері жалақы мөлшері, жұмыс кестесі және талаптар жөнінде кеңінен ақпарат берді. Іс-шара барысында жүздеген адам жұмысқа орналасу бойынша кеңес алды, көптеген жұмыс іздеушілер жұмыс берушілерден сұхбаттасуға шақырту алды.

Сонымен қатар, түйіндеме дайындау және сұхбаттасудан сәтті өту бойынша шеберлік дәрістері өтті. Жәрмеңкеге қатысқан жұмыс іздеушілердің бірі, жас маман Дәурен Қасымов бұл іс-шараның оған үлкен мүмкіндік бергенін айтты: «Мен бірнеше

кәсіпорынмен сөйлесіп, өзіме лайық жұмыс іздедім. Кейбір компаниялар түйіндемеді қабылдап, жақын арада хабарласатынын айтты. Осындай жәрмеңкелер көптеп өткізілсе, жұмыс табу әлдеқайда оңай болар еді», – деді ол.

Іс-шараны ұйымдастырушылар мұндай жәрмеңкелерді алдағы уақытта да өткізуді жоспарлап отыр. Бұл жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың тиімді сәйкестендірілуіне ықпал етпек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділет ЖАНАБАЕВ, Алматы қаласы Еңбек мобильділігі орталығының директоры:

ТҮЛЕКТЕР ҮШІН ЖАҚСЫ МҮМКІНДІК

Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Осыған орай, еліміздің әр аймағында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Бүгінгі жәрмеңке – соның бірі. Біздің бастамамызға Алматы қаласының Білім және Жұмыспен қамту басқармалары қолдау көрсетіп, Принтмедиа технологиялар колледжімен бірлесіп, 40 жұмыс берушіні шақырдық. Олар 108 бос жұмыс орнын, жалпы 538 вакансияны ұсынып отыр. Басым бөлігі – өндіріс, қызмет көрсету, білім және медицина салалары бойынша.

Қазіргі таңда медицина мен білім беру – ең тапшы мамандықтардың қатарында. Сондықтан бұл салаларға ерекше назар аударылып отыр. Бұл жәрмеңке алғаш рет ұйымдастырылғанымен, біз мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта ашық есік күндерін өткізіп, жоғары оқу орындары мен колледждерде кездесулер ұйымдастырамыз. Бүгінгі жәрмеңкеге жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар ғана емес, кез келген адам қатыса алады. Әсіресе, биылғы түлектер үшін жақсы мүмкіндік. Электронды еңбек биржасы арқылы кәсіптік практикадан өтіп, кейін олардың жұмысқа орналасуына жол ашылады.

Сәлима ТОҚМАҒАМБЕТОВА, Принтмедиа технологиялар колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

КӘСІБИ ӨМІРГЕ – АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Біздің колледждің негізгі мақсаты – қоғамда өз орнын табатын маман даярлау. Студенттеріміз оқу ордасында алған білімдерін болашақта пайдаланатынына сенімдіміз. Сол себепті де, біздің түлектер үшін жұмысқа орналасу – басты мәселе. Бұл жәрмеңке олардың өз болашақ жұмыс орнын табуына көмектеседі. Студенттеріміз көптеген кәсіпорын өкілдерімен тікелей сөйлесіп, өздерін таныстыруға мүмкіндік алды. Бұл – олардың кәсіби өміріндегі алғашқы қадамдарының бірі.

Тимур САЛИМ, «Принт Азия» типографиясының директоры:

ЖАҢА МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ МАҢЫЗДЫ

Біз «Принтмедиа» академиясымен көп жылдан бері тығыз әріптестік орнатып келеміз. Бұл біздің алғашқы қатысуымыз емес, өткен жылы да бірнеше іс-шараға атсалыстық. Сондықтан Алматыда осындай жәрмеңкелердің жиі өткізіле бастағаны бізді қуантады. Көптеген студенттер мен түлектер біздің компаниямызда жұмыс істейді. Біз тек жәрмеңкелерге қатысып қана қоймай, академия базасында өтетін түрлі семинарларға да белсенді түрде қатысамыз. Бүгінгі жәрмеңкеге келудегі басты мақсатымыз – өзімізді таныстырып, түлектерге қандай мүмкіндіктер ұсына алатынымызды көрсету. Сонымен қатар, бізге де жаңа мамандарды табу маңызды. Қазірдің өзінде бірнеше жас маманмен байланыс орнаттық, олар біздің өндірістік базамызға келіп, жұмысқа орналасу мүмкіндігін қарастыратын болады.

«ЖАС МАМАН» БАҒДАРЛАМАСЫ

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСПАЛДАҒЫ»

Алматыдағы №2 арнайы мектеп-интернатында «Жарқын болашақ баспалдағы» атты кездесу кеші өтті. Аталмыш мекемеде 168 ерекше бала білім алып жатса, арасында биыл 9-сыныпты бітіргелі отырғандары да бар.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, балалар бұл мекемеде 1–10-сыныпта оқиды. Бір жыл – қосымша бағдар ретінде есептеледі. Сондықтан олардың алдында үлкен жол, яғни мамандық таңдау мәселесі тұр. Осы мәселені шешіп, түлектерге бағыт-бағдар беру үшін мекеме басшылығы қаламыздағы кәсіптік және техникалық білім беретін колледж өкілдерімен дәстүрлі түрде кездесу ұйымдастырады.

Кездесуге қатысқан колледж өкілдері мектеп-интернат оқушыларына жұмысшы мамандығын насихаттау мақсатында бейнеролик көрсетіп, өзіндік артықшылықтарымен таныстырды.

Кәсіптік білім беру мекемелерінің дені «Жас маман» бағдарламасы аясында толығымен жаңарған. Мәселен, материалдық-техникалық базалары жаңғыртылып, оқу шеберханалары, зертханалары, тәжірибелік сабақтарға арналған арнайы кабинеттері заманауи құралдармен толықтай жабдықталған. Жоғары

білікті оқытушы құрамы бар, тәжірибелі ұстаздар мен өндіріс саласының мамандары дәріс береді. Сондықтан түлектердің қандай да бір өзі қалаған мамандықты игеріп шығуларына болады. Кездесуге келген ата-аналар да балаларының болашақ мамандық таңдауына қолдау көрсетіп, мамандардан ақыл-кеңес алды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанар ҚҰТТЫҚАДАМҚЫЗЫ, №2 арнайы мектеп-интернат директорының орынбасары:

ЫҢҒАЙЛЫ МАМАНДЫҚТАР КӨП

Біз мұндай іс-шараны жыл сайын ұйымдастырамыз. Қаладағы бірнеше колледж оқытушылары арнайы келіп, балаларға кәсіптік бағыт-бағдар береді. Балалардың ерекшеліктері бар екені ескеріліп, оларға ыңғайлы мамандықтар туралы мәліметтер беріледі. Шыны керек, мамандық таңдау мәселесінде ерекше балаларға қиындық туып жатады. Өйткені, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың жүріп-тұруы қиын болғандықтан, олар көбіне Алматы флористика колледжі мен Алматы технология колледжін таңдайды. Себебі, бұл оқу орындарында біздің балаларға ыңғайлы мамандықтар өте көп. Мәселен, балалар көбіне тоқыма, тігіншілік өнері, етікші, IT маманы сияқты мамандықтарды таңдайды. Дегенмен, медицина саласында, педагог болып жұмыс істеп жүрген түлектеріміз де көп.



А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

Алматыдағы Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына «Абайды оқы, таңырқа!» атты танымдық кеш өтті.

Кешке мейман болып республикалық «Мөлдір бұлақ» журналының Бас редакторы, ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы, анасы Үміт Жұбанышеваның авторлық шығармасы негізінде «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін» атты мультфильм түсірген, Жапонияда, Түркияда, Қытайда бірінші орын иеленген танымал режиссер Маржан Жұбаныш және жас әнші, «Балапан» телеарнасының «Супер дос», «Гипер бала» сериалдарында, «Алтын адам», «Жол» фильмдерінде ойнаған, танымал қаламгер Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» фильміне түскен 11 жасар актер Мұстафа Нұрахмет келді.

Танымдық іс-шара барысында «Құрметтеп ел жүретін, сені жақсы көретін. Ас ішердің алдында, ақ батасын беретін кім?» деген тақпақ сауалға жас өрендер бірден жамырай «Ата» деп жауап берді. «Жастар сыйлап жүретін, сені жақсы көретін. Қос қалтасын толтырып, сарқыт әкеп беретін кім?» деген жұмбақтың жауабын да балалар «Әже» деп тез тапты. Одан әрі әке, ана, әпке, аға, іні, қарындас туралы тақпақ-сауалдарға да белсене қатысты.

Кітапхана төріне отбасы құндылығын сезінетін, шаңырақ шаттығына бөленіп өсіп келе жатқан балдырғандардың жиналғанына көз жетті.

Ал «Ұйқасын тап» ойынында балалардың сергектігі, сөздік қоры сынға түсті. «Өзінше ноян, қорқақ кім?..», «Бата алмас үлкі, үсті тікен...», «Құйрығы он қарыс, бұл айбатты...» сынды жұмбақтар да ойлы балдырғандарды қызықтырғаны сөзсіз.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп өлең оқыған 2-сынып оқушысы Сырым Асылбекұлы, «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін оқыған Райана Арыстан, «Ұстазым» әнін шырқаған 1-сынып оқушысы Ханшайым Бейсенбаева, «Желсіз түнде жарық ай» шығармасын орындаған 4-сынып оқушысы Нұрдәулет Өмірзақ сынды оншақты балдырғанға Мақтау грамотасы табысталды.

«АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!»

танымдық кеші



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Раиса ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ,
педагог-психолог, қоғам белсендісі:

БАЛАЛЫҚТАН ДАНАЛЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ

Абай атамыздың әрбір шығармасын санамызға сіңіріп, балалықтан даналыққа, даналықтан даралыққа талпыну – әрбір жас жеткіншектің міндеті. Бұл кешке біз әдеттегідей ересектеу балаларды емес, шығармашылық әлемге енді ғана тәй-тәй басып, қадам жасап келе жатқан бастауыш сынып оқушыларын шақырдық. Олардың жақсы адам болуға талпынысы қуантты. Осынау өмірді тек жақсы жағынан қабылдайтын періште

көңілдері лайланбаса екен деген тілек айтамын. Иә, бұл кешке Абайдың өлеңдерін көркемдеп оқу, әндерін шырқау үшін Қызылорда қаласынан үш тілді тереңдетіп оқытатын Абай атындағы мектеп-гимназиясының бір топ бастауыш сынып оқушысы арнайы келіп қатысты. Балаларды Алматыға алып келген ұстаздары Гүлбану Әскербекқызының өзі қонақжай шаһарға ризашылығын білдірді. Кішкентай балалардың Жамбыл кітапханасының жағымды аурасына, жан-жағына қызыға қарағанын жеткізді. Балдырғандар осындай әдеміліктен нәр, тағылымды кештен үлгі алады. Алматы деп келген кішкентай достарымызға танымдық жақсы кеш сыйлай алғанымызға қуаныштымыз.

АНИМАЦИЯ

«АЛТЫН АДАМ»

балаларды ізгілікке, жан-дүние тазалығына баулиды

Қазақ анимациясының қоржынына «Алтын адам» анимациялық фильмі қосылды, деп хабарлады Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы. Өмір отын іздеп, Хан тәңірі шыңына шыққан сақ жауынгері туралы туынды Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Ұлттық кино орталығының қолдауымен биыл жарыққа шығады.



«Алтын адам деген кезде балаларда оның ішінде қандай адам болды, оны қандай адам киді деген сұрақ туындайды. Осыған жауап ретінде біз «Алтын адам» фильмін түсірдік. Ол сырты жылтыраған, алтын-күміспен қапталған адам емес, оның жаны, іші, рухы алтын. Фильмнің негізгі идеясы – осы. Жалпы, фильмді дайындауға қырық шақты анимация маманы тартылды. Мультфильм 2D, ал кейбір

кейіпкерлер 3D форматында орындалған», – дейді режиссерлер.

Бұл ұлттық болмысымыз бен құндылықтарымызды, тарихи тұлғаларымызды дәріптеу, қазақша контенттің салмағын арттыру бағытындағы оң қадам деуге болады. Шығармашылық ұжым жаңа туынды арқылы балаларды ізгілікке, жан-дүние тазалығына баулуды көздеп отыр.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

БАЛДЫРҒАНДАРҒА ДӨРЕКІ СӨЙЛЕМЕЙТІН ЕЛ

- Дүние есігін жаңа ашқан сәби көк түсті көрмейді. Жаңа туған шараның жүрегі ересек адамдардың жүрегінен тезірек соғады. Көзін сирек жыпылықтатады.
- Өмірге енді келген нәрестенің қолы 1 айлық баланың қолынан әлдеқайда күшті әрі қатты болады екен. «Сәби уысынан жылан өледі» деген рас сөз-ау демек.
- Үш жасар бала күніне 900 сұрақ қойып, 12 000-ға жуық сөз айтады екен.
- Қытай балабақшасы екі айлық сәбиді де қабылдайды. Жапонияда балдырғандарға дөрекі сөйлеуге болмайды. Ұлыбританияда біреудің баласына ескерту жасауға қатаң тыйым салынған.
- Бразилияда баланы қатаң жазалау түрлерінің бірі – футбол ойнатпау. Бельгиялық балалар мектеп табалдырығын 3 жасынан бастап аттайды. Швецияда 12 жасқа толмаған өрендерге жарнамаға түсуге тыйым салынған.
- Уэльс (Ұлыбритания) білім департаменті сабақ үстінде 6 жасар оқушыларға «Аяз ата өмірде жоқ» дегені үшін ұстазды жұмыстан шығарған. Ұстазынан мұндай сөзді күтпеген оқушылар үйлеріне жылап барған. Мұғалімнің бұл қылығы ата-аналардың арыз-шағым жазуына себепші болған.



Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



Б.МОМЫШҰЛЫ – 114

Оқушылар сарайында Алматы мектептерінің 9–11-сынып оқушылары арасында «Алаштың айбыны – Бауыржан Момышұлы» атты қалалық байқау өтті.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Бауыржан Момышұлының 114 жылдығы аясында өткізіліп отырған іс-шараны Оқушылар сарайы мен Б.Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицей ұйымдастырды.

Төрт кезеңді қамтыған байқау барысында оқушылар батыр мұрасын насихаттап қана қоймай, басқа да беймәлім ақпараттармен танысты. Байқаудың «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деп аталатын кезеңінде оқушылар Б.Момышұлының туындыларынан (өлеңдерінен, нақыл сөздерінен, прозалық шығармаларынан) үзінділерді жатқа айтып жарысса, «Атадан қалған өсиет» аталымында жас ақындар батыр бабаларына арнаған өлеңдерін оқыды.

Сонымен қатар, байқаудың «Болма-саң да, ұқсап бақ» кезеңі де өте сәтті шықты. Мектеп оқушылары Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасының желісі бойынша айбынды тұлғаның рухты бейнесін ашып, креативті көрініс қойды. Оқушылар соңғы кезеңде жеребе таңдап, онда кездескен тақырыпқа сай жазба жұмысын орындады.



Бұл арада қазылар алқасы оқушылардың шығармашылық жұмыстарын эссеге қойылатын талаптарды ескере отырып бағалады. Құрамында белгілі ғалымдар мен үздік оқытушылар бар



әділқазылар алқасы қатысушылардың өнері мен жұмыстарын саралап, жеңімпаздарды анықтады. Жеңімпаз оқушыларға жүлде мен Алғыс хатты батырдың келіні Зейнеп Ахметова табыс етті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роза ДОСТАНОВА,
№131 мектеп-лицей директоры:

БАТЫРҒА АРНАЛҒАН МҰРАЖАЙ БАР

Біздің мектептің оқушылары даңқты қолбасшы, майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығымен жақсы таныс. Батырға арналған мұражай бар. Мектебімізде батырдың туған күнінде оқу озаттарын «Жас Бауыржаншылар» қатарына қабылдау үрдісі бар. Олар батыр өсиетін орындап, елі мен жерін, тілі мен ділін құрметтеуге ант береді. Сол үдеден шығып та жүр. Өткізіліп отырған байқау барысында біз батыр шығармаларын кеңінен насихаттап, өскелең ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына баулу арқылы жастардың шығармашылығын шыңдасақ дейміз. Оқушыларға Бауыржан Момышұлы шығармаларын насихаттай отырып, дарынды балаларға қолдау көрсетсек дейміз.

ТАҒЗЫМ

МӘНШҮК МҰРАЖАЙЫ ерліктің үлгі-өнегесі

Алматыда қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова есімін иеленіп отырған №28 білім шаңырағы бар. Бұл мектептің құдіреті сол, босағадан аттаған бетте бойыңызды ерлік рухы мен Мәншүкке деген сағыныш кернейді. Өйткені, бұл мектепте кезінде қазақтың қайсар қызы Мәншүк Мәметова оқыған. Батыр қыздың қабырғада үні, табанының ізі қалған киелі шаңырақ.

Ұлы Отан соғысы басталған тұста Отанды қорғау үшін дәл осы мектептен 120 мұғалім мен оқушы аттанады. Оларды мектеп директоры Геннадий Званцевтің өзі басқарып, барлығы бірге кетеді. Сол кеткендердің көбі қаза тауып, мектептің үш оқушысы Мәншүк Мәметова, Владимир Сасядко, Владимир Бреусов Кеңес Одағының Батыры атанады. Қазір мектеп мұражайында бұл жөнінде жазылған құжаттар сақтау-



лы тұр. Негізінен, №28 мектеп тарихының Ұлы Отан соғысымен тығыз байланысты болуының түп-тамыры да осында жатыр.

Араға жылдар салып, батыр қыз-

дың анасы Әмина Сүлейменқызы мұражай ашу туралы бастама көтереді. Батырдың анасы сүйікті қызы Моншақтан қалған құжаттар мен пайдаланған заттар бір жерде тұрса, ұрпақ кәдесіне жараса деген ниетпен өз қолымен біраз дүниені мектепке табыстайды. Осылайша 1978 жылдың 6 мамырында Мәншүктің құрметіне мектептің «Жауынгерлік даңқ» мұражайы ашылып, бүгінде патриотизмнің үлгісі ғана емес, әскери-патриоттық тәрбиенің орталығына айналып отыр.

Мұражайдың экскурсиялық клубы тұрақты түрде жұмыс істейді. Жыл сайын оқушылар «Ерлік жолымен» деп аталатын жорық құрамында батыр қалаларға саяхат жасап, құнды мәліметтер жинап қайтады. Мәселен, «Жас сарбаз» іздестіру жасағы Ресейдің Псков облысына арнайы барып, Невель қаласы мен Әлия Молдағұлова жерленген Новоскольникове саяхат жасап қайтты.

Бұл жолы олар Невель қаласындағы шайқас орнында қалған Дегтярев пулеметінің бос дискі мен М.Мәметова қайтыс болған жерден ППШ авто-

матының бос дискісін табады. Жасақшылар Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова жерленген жерге де соғып, ол жерден неміс солдаттың дулығасын тауып қайтады. Бұл экспонаттар қазір мектеп-лицейдің «Жауынгерлік даңқ» мұражайында сақтаулы тұр.

Кезінде 100-ші атқыштар бригада-сының ардагерлері Сұлтан Жиенбаев, Әли Изатов, Бекбосын Кереев, Кәкен Әбенев, Қ.Құрышпаев және т.б. жауынгерлермен кездесулер жиі өтіп тұратын еді. Әттең-айы, бүгінде кездесуге келетін де ешкім қалмады.

Егер сіз 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағына серуендей барсаңыз, «Мәңгілік алау» жанында құрметті қарауылда тұрған жас ұландарды көресіз. Олар – Мәншүк Мәметова атындағы мектептің жас сарбаздары.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айсұлу ТЕМІРҒАЛИҚЫЗЫ,
мектеп басшысы:

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Қазіргі таңда мұражайда 1500-ге жуық экспонат бар. Әрине, ең негізгісі – Мәншүк отырған парта. Соғыстан кейін бұл партаға тек оқу үздіктеріне ғана отыру құқығы берілген көрінеді. Қазір парта мұражайда тұр. Лицейге қабылданған бірінші сынып-тықтар алдымен «Жауынгерлік даңқ» мұражайымен танысады. Өйткені, ерлікке тағзым ету – жас ұрпақтың басты міндеті. Сондықтан жыл сайын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының мүшелері Мәншүк Мәметованың туған күнінде ескерткіштің жанына жиналып, Батыр қызымыздың ерлігін еске алып, тағзым етеді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.





ӨТТИҢ, ДҮНИЕ!

БАЛАЛАРДЫҢ БАҒЫНА ЖАРАЛҒАН ӘЗИЗ ЖҮРЕК

«Алтын қолды» дәрігер Камал Сәруарұлы Ормантаев өмірден озды

Камал Сәруарұлы – Қазақстанда алғаш болып балалардың бас сүйек миының жарақатына, түрлі сынықтарға, балалар кеудесінің іштен туа біткен ақауларына жиырма төрт мыңнан астам күрделі ота жасаған білікті дәрігер.

Ол – 35 жасында докторлық диссертациясын қорғап, елімізде балалар хирургиясы бойынша ең алғаш ғылым докторы атанған қазақ. Екі мәрте «Алтын адам» атағының иегері. 40-тан аса ғылыми еңбек жазып, 22 жаңалық енгізді.

«Балалар хирургиясының атасы», ҚР ҰҒА-ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, «Парасат» орденінің иегері, медицина ғылымының докторы, профессор Камал Ормантаев тек қана Қазақстан Республикасында емес, шетелдерде де ұлы ғалым, жоғары білікті педиатр, жетекші маман ретінде танымал болды.

Иә, Камал Ормантаевқа балалар дәрігері болу бұйырыпты. Ал кішкентай пациенттің қамқоршысы болу оңай емес. Себебі, балалар дәрігеріне терең білім, кәсіби шеберлікпен қоса, балаға деген риясыз сүйіспеншілік, сәби жанына түсінетін сезімтал әзіз де мейірбан жүрек қажет. Балалардың бағына жа-



1936
2025

КАМАЛ ОРМАНТАЕВ
Қазақстандық балалар хирургиясының негізін қалаушы, ғалым

1936

11 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Октябрь ауылында дүниеге келген

1959

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін бітірді

1963

Қазақ ұлттық медицина университетінде ассистент, кафедра меңгерушісі

1969

балалар хирургиясы кафедрасын құрды

1980-1985

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының директоры

1994

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі

2000-2001

Жыл дәрігері номинациясы бойынша "Алтын адам" сыйлықтарын алған

2003

Ұлттық ғылым академиясының академигі

Ғылыми еңбектері:



700-ден астам ғылыми жұмыс, 20 монография авторы

2004

«Платинды Бас Тарлан» сыйлығының лауреаты



Оқытқан шәкірттері:

30-дан астам ғылым докторы, 60-қа жуық ғылым кандидаты



Марапаттары:

Еңбек Қызыл Ту ордені, «Отан» ордені, «Құрмет» және «Парасат» ордендері



Хирургиядағы жаңалықтары:

Ота жасаудың 200-ден астам жаңа әдісін енгізді



ралған «алтын қолды» дәрігер талай балдырғанға жарық дүние, ал талай ата-анаға өлшеусіз қуаныш сыйлады.

Ұлтжанды ғалым тек өз мамандығымен айналысып қоймай, қоғамдық өмірге де белсене араласып, азаматтық ұстанымдарын, пікір-ұсыныстарын ор-

таға салып, ой туғыза алды, яғни қоғам қайраткері ретінде өз үнін батыл айта білген тұлға. Камал Сәруарұлының өмір жолы, отандық медицинада қалдырып кеткен өлшеусіз үлесі, ерекше қолтаңбасы кейінгі жастарға үлгі болары сөзсіз.

Аяулы тұлғаның отбасы, туған-туыс, ағайын-жұртына және қазақ еліне көңіл айтамыз.

**«ALATAU AQPARAT»
медиахолдингінің
ұжымы.**

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙ: ПІКІР, ТІЛЕК, ҰСЫНЫС

«АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ЖӨН...»

(«Қазақ қай кезде қазан көтермеген?»: «Almaty aqshamy» газеті, №5, 2025 жыл, 25 қаңтар)

«Ақшамда» жарияланған «Қазақ қай кезде қазан көтермеген?» атты мақаланы оқыдым. Тілші қоғамдағы өте өзекті тақырыпты көтеріпті, жарияланымда имаммен бірге біраз адамдардың ой-пікірлері де беріліпті.

Барлық пікірге толық қосыламын. Бәрі де ысырыпшылдыққа жол бермеу керектігін айтыпты. Осы орайда газет арқылы ойымда жүрген бір пікірімді жеткізгім келеді.

Алматы қаласы Орталық мешітінің жанынан ашылған салттық қызмет көрсету орталығы бар екенін осы мақаладан оқып білдім. Өте дұрыс. Енді соның телефон нөмірлерін жазып көрсетуге болар ма екен?

Алматы – үлкен қала. Бүгінгідей қымбатшылық заманда адамдардың тұрмыс жағдайы бірдей емес, пәтер, жатақхана жалдап тұрып жатқандар да аз емес. Сондай жағдайдағы адамдардың кенеттен туысы қайтыс болғанда кәдімгідей қиналып қалып жатқанын көріп, естіп жүрміз. Олар марқұмды жуындыру, кебіндеп, жаназасын шығарып беретін қызметке зәру деп ойлаймын. Тіпті, әлгіндей қызмет түрі бар екенін білмеуді де мүмкін. Ақ кебін сол мешіт жанынан ашылған дүкенде қолайлы бағамен сатылатын болса, қиналған адам қала кезіп, мата іздеп кетпес еді. Ас беру мәдениетін қалыптастырған жөн. Марқұмның асын да қолжетімді бағамен мешіт қатымханасында беруіне жағдай жасалса деймін. Тұрмысы осал жандарға бұл едәуір көмек, қолдау болары сөзсіз.



Сонда дінімізді құрметтеу, салтымызды сақтау мәдениетіміз де артар еді деп ойлаймын.

Қанат ИМАНҒАЛИҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны,
зейнеткер.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Талғат ДАЙРАБАЙҰЛЫ,
Алматы қаласы Орталық мешіті
«Qatqor-sharapat» салттық
қызмет көрсету орталығының
директоры:

ҚҰРАННЫҢ МЕШІТТЕ ОҚЫЛҒАНЫ АБЗАЛ

Оқырмандарыңыз өте дұрыс мәселе көтеріп отыр. Кейінгі жылдары қалада салттық қызмет көрсететін өзге этнос өкілдері жиілеп кетті. Қайтыс болған адамның үйінен сол мезетте табыла кетеді. Сол жұмыстарын біраз уақыттан бері бір жүйеге қойып алған секілді. Сондықтан адамы қайтыс болған үй мешітке емес, сол орталықтарға баратын болған.

Бізге де «көпқабатты үйде тұрамын, пәтерім тар, туысымды жалдамалы баспанадан шығарғым келмейді, ауыл алыс, жеткізу қиын, мешіттен шығарсақ бола ма?» деп келетін адамдар қатары көбейген соң, біз де мүфти хазретіміз Наурызбай қажы Тағанұлының бас-тамасымен осы салттық қызмет көрсету орталығын аштық. Екі жылдан бері жұмыс істеп келеміз. Марқұмды жуындыру, кебіндеу, жаназасын шығару сынды барлық рәсімін атқарып жатырмыз. Енді ас беру мәдениетін қалып



тастыру жолында жұмыс істеудеміз. Жүрген жерімізде ысырапшылдыққа жол бермеуді насихаттаймыз. Алдағы уақытта асты мейрамхана, тойханаларда емес, мешіттер жанынан ашылған асханаларда берілетін жағдайға жететін боламыз. Құранның мешітте оқылғаны абзал.

Алматы қаласы Орталық мешіті жанынан ашылған «Qatqor-sharapat» салттық қызмет көрсету орталығының телефондары:
8 701 383 22 55,
8 702 167 08 00.

**Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.**



БІЗДІҢ СҰХБАТ



Жасанды интеллект дәуірі, интернет ғажайыптары ғаламды торлап тұр. Виртуалды әлемнің шырмауындамыз. Цифрлық үдерістер төрге озды. Барлық шаруаға роботты жұмсайтын түріміз бар. Ал сонда адамға не қалды? Жұмыр басты пенде қайтпек?! Бұл да жауабы қиын сұраққа айналды?!

Алматы – білім мен ғылымның орталығы. Мұнда ынталы жастар шоғыры көп. Бүгінгі заманның жаңа технологияларын зерттеп жүрген IT сарапшы әрі журналист Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫМЕН осы бағдарда сұхбат құрған едік.

ЖАСАНДЫ САНА

болашақта адамзатқа қатер төндіруі мүмкін бе?

Виртуалды әлемге қадам бастық

– Жасанды интеллект дәуірі басталғандай. Адамзат бұдан не күтеді?

– Шынында да, бүгінде жасанды интеллектінің (ЖИ) дәуірі басталып келеді. Қазірдің өзінде ЖИ технологиялары күнделікті өмірде кеңінен қолданыс табуда: смартфондардағы дауыстық көмекшілерден бастап ChatGPT, фото жасау, видео жасау, өндірістері ақылды роботтарға дейін. Адамзат жасанды интеллектіден үлкен үміт күтеді. Сарапшылардың болжауынша, ЖИ 2030 жылға қарай әлемдік экономикаға 15,7 триллион АҚШ доллары көлемінде үлес қоса алады. Яғни бұл технология еңбек өнімділігін арттырып, жаңа салаларда серпіліс жасайды деген сөз.

Мысалы, жақында DeepMind компаниясының AlphaFold атты жүйесі ақуыздың құрылымын болжау мәселесін шешіп, биологиядағы 50 жылдық жұмбақты ашты. Осындай жетістіктер ЖИ-дің медицинада ауруларды ерте анықтау, климат өзгерісін модельдеу сияқты көптеген салаға пайдасы зор болатынын көрсетіп отыр.

Үлкен өзгерістер болады

– Пандемиядан кейін «онлайн» терминінің қарқыны күшейді. Алдағы уақытта қағаздан бас тартып, бірыңғай виртуалды әлемге еніп кетуіміз мүмкін бе?

– Пандемия цифрлық технологиялар дамуын күрт жеделдетті. Мысалы, бүкіл әлемде онлайн жиналыстар саны еселеп артты: 2019 жылдың соңында Zoom платформасын күніне пайдаланатындар шамамен, 10 миллион адам болса, 2020 жылдың сәуірінде бұл көрсеткіш 300 миллионға жетті. Көптеген қызмет түрлері мен білім беру толықтай интернетке көшті.

Ал енді болашақта қағазды мүлдем қойып, тұтас виртуалды әлемге өтіп кетеміз деу асығыс шығар. Қазірдің өзінде электронды құжаттар, цифрлық қолтаңбалар, онлайн басылымдар кеңінен қолданылуда, бірқатар елдер мемлекеттік қызметтерді түгел электронды форматқа көшіріп жатыр. Дегенмен, толық «қағазсыз қоғам» жақын арада орнай қоймайды деп ойлаймын. Адамдар үшін кәдімгі қағаз газет пен кітаптың өзіндік орны, ұсына

алатын бөлек әсері бар, сондықтан дәстүрлі форматтар қатар өмір сүре береді. Бірақ цифрлы виртуалды әлемнің рөлі бұдан әрі де күшейетіні сөзсіз. Мәселен, ірі технологиялық компаниялар ортақ виртуалды кеңістік – метағалам (метаверс) құруға миллиардтаған қаржы бөлуде. Жақында Facebook компаниясы атауын Meta деп өзгертіп, болашағын осы метаверс тұжырымдамасымен байланыстырды. Демек, алдағы онжылдықта өміріміздің елеулі бөлігі цифрлық ортада өтетіні анық, алайда шынайы өмірдегі қарым-қатынас пен қағаз өнімдері біржола жоғалып кетпейді.

Цифрландыру – жемқорлықты тежейді

– Цифрландырудың қарқынды дамуы жемқорлықты азайтуға жәрдемдесе ме?

– Иә, жалпы цифрландыру жемқорлықты азайтуға ықпал етеді деп айта аламыз. Цифрлық жүйелер адамның тікелей қатысуын қысқартып, көптеген процесті автоматтандырады. Соның нәтижесінде пара беру, қызметті көңілшектікпен жылжыту сияқты жағдайлардың алдын алу мүмкіндігі артады. Мысалы, егер мемлекеттік қызмет онлайн форматқа көшсе, азамат пен шенеунік тікелей жүздеспейді – демек пара алу ықтималдығы төмендейді. Халықаралық тәжірибеде электронды үкіметті табысты іске асырған елдерде тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың азайғаны байқалады.

Эстония сынды мемлекеттер көп қызметті интернет арқылы ұсына отырып, ашықтықтың арқасында сыбайлас жемқорлықты мейлінше тежеді. Біздің елімізде де оң қадамдар бар: мысалы, салық және кеден саласына электронды жүйелер енгізу нәтижесінде салық төлеушілердің тәртібі жақсарып, жемқорлық тәуекелдері төмендегені байқалды. Әрине, технология – тек құрал, оны тиімді қолданса ғана пайдасы зор. Сондықтан цифрландырумен қатар тиісті бақылау тетіктері мен заңның қатаң сақталуын қамту да маңызды болмақ.

«Машиналар бүлігі» болмайды

– Әлемде ЖИ дамуына мол мүмкіндік жасалған. Түптің-түбінде, АҚШ пен Еуропаның фантастикалық

фильмдеріндегідей, ЖИ роботтар адамзатқа қарсы шабуылға шығып жүрмей ме?

– Роботтардың адамзатқа қарсы көтерілісі әзірге тек ғылыми фантастика сюжеті деп айтқым келеді. Бүгінгі қолданыстағы жасанды интеллект жүйелері саналы емес, оларға адамдар белгілі бір міндетті орындауды бағдарламалайды. Яғни қазіргі роботтар мен алгоритмдер өз бетімен шешім қабылдап, бөтен пиғыл таныта алмайды. Сондықтан жақын арада «машиналар бүлігі» болады деп қорқудың қажеті жоқ.

Дегенмен, ғылым мен техника өте жылдам дамып жатыр, ал болашақта адам деңгейіндегі ақыл-ойы бар жасанды интеллект пайда болса, белгілі бір қауіп-қатерлер туындауы мүмкін деген пікірлер бар. Кейбір танымал тұлғалар – физик Стивен Хокинг пен кәсіпкер Илон Маск егер аса қуатты ЖИ бақылаусыз қалса, ол адамзатқа қатер төндіруі ықтимал деп ескерткен. Сол себепті, қазірдің өзінде бүкіл әлемде жасанды интеллектіні жауапкершілікпен дамыту мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Ғалымдар этикалық принциптерді сақтай отырып, «адам досы» болатын ЖИ жасауға талпынып жатыр. Халықаралық деңгейде де бастамалар бар. Мысалы, БҰҰ аясында автономды қару түрлерін (өздігінен жұмыс істейтін «қатерлі» роботтарды) шектеу туралы келіссөздер жүргізілуде. Яғни ЖИ-дің дамуы қатаң қадағалаумен және адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларымен қатар жүріп келеді.

Мақсат – қоғамға кәделі болу

– Жасанды интеллектіні пайдалану, цифрландыру және виртуалды әлем тақырыптарын тереңдей зерттеу ойыңызда бар ма?

– Әрине, бұл тақырыптар менің кәсібімнің де, қызығушылығымның да өзегі десем болады. «Жасанды интеллект әліппесі» кітабын жазғанымда осы саланың негіздерін қарапайым түрде түсіндіруді мақсат еттім. Алайда, технология үнемі жетіліп отырады. Сондықтан мен тоқтап қалмай, ЖИ мен цифрлық жаңалықтарды үздіксіз зерттеп, біліктілігімді арттырып отырамын. Алдағы уақытта да осы бағыттағы ізденістерімді жалғастыру ойымда бар.



Қазіргі таңда жұртшылыққа түсінікті тілде технологиялық трендтерді түсіндіретін жаңа еңбектер дайындауды жоспарлап жүрмін. Мүмкін болашақта жасанды интеллектінің әр саладағы қолданылуы немесе виртуалды әлемнің қоғамға ықпалы туралы тағы бір кітап жазуым мүмкін.

Сондай-ақ, қазір қарқын алып келе жатқан виртуалды (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологияларын да зерттеп, олардың мүмкіндіктерін қазақ тіліндегі аудиторияға жеткізуге ниеттімін. Жалпы, мақсатым – заманауи технологиялар жөнінде халықтың сауатын арттыруға атсалысып, оларды қауіпсіз әрі тиімді пайдалануға шақыру.

– Сіз қазақ тілінде тұңғыш ЖИ туралы кітап жазушылардың бірегейісіз. Бұл еңбек арқылы қоғамға қандай жаңашылдық енгізіңіз келді?

– Менің басты мақсатым – қазақ оқырмандарына жасанды интеллект жайлы заманауи және қолжетімді ақпарат ұсыну арқылы технология саласындағы білімді тереңдетуге үлес қосу. Бүгінгі таңда ЖИ – ғылыми жаңалықтардан бастап бизнеске, денсаулық сақтау мен білім беру салаларына дейінгі түрлі бағыттарда орасан мүмкіндіктер беретін құралға айналып отыр. Алайда, қазақ тіліндегі сапалы материалдар мен оқу құралдарының саны әлі жеткіліксіз. Мүлде жоқ десе де болады. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін аталмыш еңбекті жазып шықтым.

Кітапты жазудағы жаңашылдықтардың бірі – білімді тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық мысалдармен, нақты кейстермен ұштастыру болды. Яғни оқырман жасанды интеллект ұғымдарын тек оқып қоймай, қолданып көруге, әрі қарай ізденуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, дұрыс промпт жазу әдістері мен 1000-нан аса дайын мысалдар ұсыну арқылы адамдарға ЖИ құралдарын тиімді пайдалануды үйреткім келді. Бұл – болашақ мамандарға да, қазіргі кезде ЖИ саласын зерттеп жүргендерге де, жалпы жаңа технологияларға қызығушылығы бар кез келген адамға арнап жасалған қадам. Осылайша қазақ тілінде ЖИ туралы білімді кеңейтіп, қоғамның технологиялық сауаттылығын арттыруды көздеп отырмын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ


ҚАУЛЫ

Алматы қалалық әкімдігінің
2025 жылғы 12 ақпандағы
№1/1-195 қаулысы

Жер учаскесі шектеулі пайдалану құқығын
белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 қарашадағы № 47.3-47.04/1715-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес сыртқы инженерлік желілерді шығару үшін Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 186 А, жалпы пайдаланымдағы елді мекендердің жерлерінде орналасқан, жалпы ауданы 0,0936 га жер учаскесіне шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.
2. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) Осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
2) Осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ



Алматы қалалық әкімдігінің
2025 жылғы 13 ақпандағы №1/1-210 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер
учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 10 қаңтардағы № АҚ/18 хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін «Леруа Мерлен Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 22/4 учаскесі мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы 6,5505 га (кадастрлық нөмірі 20-315-061-342) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі республикалық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қалалық әкімдігінің
2025 жылғы 13 ақпандағы №1/1-211 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер
учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 24.01-24.07/1013-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (аумақты абаттандыру) «Dostyk Comfort» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 290/2 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы 0,3001 га (кадастрлық нөмірі 20-313-011-510) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!
5 наурыз күні сағат 11.30-да Алматы уақыты бойынша сіздерді Әуезов ауданы, 10 А ықш.ауд. №1 үй мекенжайы бойынша ақпараттық-ойын-сауық құрылысы туралы қоғамдық тыңдауға шақырамыз. Тел.: 8 777 122 19 70.

ПРОКУРАТУРА

«Е-otinish» ақпараттық жүйесінің өзектілігі
мен маңыздылығы және шағым жасау
тәртібі

Бәрімізге белгілі, қазіргі уақытта мемлекетімізде цифрлық платформалар кеңінен дамып жатыр. Соның бірі «Е-otinish» ақпараттық жүйесі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап «Е-otinish» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Осыған байланысты азаматтардың арыз-шағымымен жұмыс істеу жүйесі де өзгерді. Енді азаматтардан келіп түскен бірде-бір жолданым тіркелусіз және жауапсыз қалмайды.
«Е-otinish» ақпараттық жүйесі жолданымдарды мемлекеттік органдардың құзыретіне қарай автоматты түрде бөледі және өтініш берушіні жолданымдарды қараудың барлық кезеңдері мен мерзімдері бойынша хабардар етеді және де жолданым берушімен кері байланыс орнатуға, мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 76-бабына және 99-бабына сәйкес, келіп түскен арыз, үн қосу, сұрау, хабар және де ұсыныстар 15 жұмыс күннің ішінде, ал шағым 20 жұмыс күнде қаралып жауап берілуге міндетті.
Сонымен бірге, «Е-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы барлық мемлекеттік органдар оқиғалардан хабардар болып, азаматтардың қажеттіліктері мен тілектерінің нақты көрінісіне сүйене отырып, жедел басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік алды.
Қызметті пайдалану үшін электрондық үкімет порталына кіріп, «Е-otinish» ақпараттық жүйесінің баннеріне өту қажет. EGov сервисінен басқа, «Е-otinish» қосымшасы Aitu мобильді сервисінде және eGov mobile-да қолжетімді. Сондай-ақ, сервисі Халыққа қызмет көрсету орталығында жолданымдарды қабылдау орталығында пайдалануға болады. «Е-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы жіберілген барлық жолданымдар электрондық цифрлық қолтаңбамен расталуы тиіс.
«Е-otinish» ақпараттық жүйесінің ерекшелігі сол, әрбір азамат өзінің өтініші қайда, қандай мекемеге жолданғанын, қай кезде қаралғанын жүйе арқылы қарап, бақылай алады.
Сондай-ақ, арыз-шағымына деген мемлекеттік мекеменің жауабын бағалауға да мүмкіндігі бар.
Сонымен қатар, жүйеде жолданым тіркелген азаматтарға SMS-хабарлама арқылы арыз-шағымының қаралу кезеңдері туралы хабарламалар жіберіледі. Оның қаралу тарихы жүйеде сақталады және мемлекеттік орган бұрын қандай шешім қабылданғанын саралай отырып, әкімшілік іс қалыптастыра алады.
Егер, өтініш иесі берілген жауаппен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 91-бабына сәйкес, жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы және әрекетсіздік белгілі болған күннен бастап 3 ай мерзімінен кешіктірмей берілу қажет.
Шағым жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда беріледі, 20 жұмыс күнде қаралады. Шағымды қарайтын орган шағымды дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін шаралар қабылдауға міндетті.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

#заң_және_тәртіп
#закон_и_порядок

Алматы қалалық әкімдігінің
2025 жылғы 13 ақпандағы №1/1-212
қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты
жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп
иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 2024 жылғы 31 қазандағы № 01-27/39338-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Бас ботаникалық бақ аумағын кеңейту үшін Данияр Мейрамбекұлы Оспановтан Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 73/9 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-010-003), ауданы 0,0803 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Ботаника және фитоинтродукция институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –
Нұрлан СҮЙІН**

Газет "Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылм, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[www.youtube.com/
channel/
UCXzM2xrJCHx6Br1ggA](https://www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA)

АЗИАДА – 2025

Геннадий ГОЛОВКИН,
Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің басшысы:

СПОРТ ТАРИХЫНДА МӘҢГІ ҚАЛАТЫН МАҢЫЗДЫ СӘТ

Харбиндегі қысқы Азия ойындарында Қазақстан спортшылары жоғары нәтиже көрсете білді. Алдымен, шорт-тректен ерлер құрамасы 5000 метрлік эстафетада Азия ойындарының алғашқы алтын медалін жеңіп, тарихи нәтиже орнатты. Одан кейін фристайл-акробатикадан ерлер құрамасы топ жарды, бұл да – тарихи медаль. Сондай-ақ, биатлоннан 10 шақырым спринтте Владислав Киреев чемпион атанып, үшінші алтынды қоржынға салды.

Газетіміздің алдыңғы санында шорт-трекшілердің, шаңғышылардың және фристайл-акробатикадан Ұлттық құрама мүшелерінің жүлделері туралы жазған едік. Одан кейін қазақстандық спортшылар Харбин мен Ябули қалаларында тағы бір сыпыра жүлдені жеңіп алды. Атап айтқанда, Шерзод Хаширбаев пен Роман Иванов еліміз үшін Азия ойындарының тарихи алтынын алды. Олар фристайл-акробатикадан синхронды секіруде үздік атанып, Қытайдың екі командасын артта қалдырды. Бұл жетістікке дейін ақ Азиадада фристайл-акробатикадан отандастарымыз алтын медаль алмаған, тек күміс пен қола жүлде бұйырған.

– Сіздердің батылдылықтарыңыз бен шеберліктеріңіз бүкіл қазақ елін рухтандырады. Қазақстан тарихында алғаш рет фристайл-акробатикадан спортшыларымыз Азия ойындарының ең биік тұғырына көтерілді – бұл спорт тарихында мәңгі қалатын маңызды сәт, – деп құттықтады Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің басшысы Геннадий Головкин.

Сонымен қатар, фристайл-акробатикадан Аяна Жолдас Азия ойындарындағы үшінші жүлдесін жеңіп алды. Ол Ардана Махановамен бірге синхронды секіруден қола жүлдеге қол жеткізді. Бұған дейін Аяна Жолдас жекелей сында қола жүлде алса, аралас команда күміс медаль алған болатын.

Одан бөлек, Ұлттық құрама мүшелерінен биатлоншылар олжалы болды. Биатлоннан 10 шақырым жолды 29 минут, 47.4 секундта жүріп өткен отандасымыз Владислав Киреев жеңімпаз атанса, еліміздің тағы бір спортшысы Вадим Куралес күміс жүлдеге ие болды. Ал биатлоннан эстафеталық жарыста Қазақстан ерлер құ-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

рамасы Азия ойындарының күміс жүлдесін алды. Барлығы 7 мемлекеттің құрамасы сынға түскен сайыста Әсет Дүйсенов, Александр Мухин, Кирилл Бауэр, Владислав Киреев квартеті тек Жапонияға есе жіберді. Дәл осы эстафеталық сайыста әйелдер құрамасы ел қоржынына қола медаль салды. Жарыс жолына шыққан Ольга Полторанина, Арина Крюкова, Дарья Климина мен Елизавета Белецкая төрттігі Қытай (алтын) мен Оңтүстік Корея спортшыларынан кейін үшінші келді.

Ел намысын Қытайда қорғаған шаңғышылардың да нәтижесі жаман емес. Өткен жолы Олжас Климин мен Константин Борцовтың жеңістері туралы жазғанбыз. Олардан кейін шаңғы жарысынан командалық эстафетада Қазақстан ерлер құрамасы мәреге үшінші келіп, қола жүлдеге ие болды. Жарыс жолына Константин Борцов, Наиль Башмаков, Олжас Климин мен Владислав Коволёв шықты. Мұнда барлығы 9 елдің құрамасы жүлдеге таласты. Командалық эстафетада әйелдер құрамасы Қытайдан кейін екінші келді. Камила Елғазина, Ксения Шалыги-

на, Ангелина Шурыга мен Надежда Степашкина Азиада-ның күміс жүлдегері атанды.

Алматыға оралды

• Алматыға Қытайдың Харбин қаласынан Азия ойындарының жеңімпазы мен жүлдегерлері оралды.

Олардың қатарында – чемпион Шерзод Хаширбаев, күміс жүлдегер Асылхан Асан, күміс жүлдегер Евгений Кошкин, күміс әрі екі мәрте қола жүлдегер Аяна Жолдас, қола жүлдегер Ардана Маханова, қола жүлдегер Кристина Силаева бар. Алматы халықаралық әуежайында Харбин қаласынан қанжығалы келген қазақстандық спортшыларды салтанатты қарсы алу рәсімі болды. Оған қала әкімшілігінің өкілдері, жанкүйерлер мен спортшының туған-туыстары қатысты.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Шерзод ХАШИРБАЕВ,
фристайл-акробатикадан Азиада чемпионы әрі күміс жүлдегері:

Елдің қолдауын жақсы сезіндім

Харбинге дайындығымыз Австриядан басталды. Одан әрі Алматыда дайындалып, Америкада әлем кубогының кезеңіне қатыстық. Сосын бірден осы Азиадаға жол жүрдік. Елдің қолдауын жақсы сезіндім. Бізге Қытайда тау, трамплин, ауа райы – бәрі ұнады. Нәтижесі бір алтын және бір күміс. Командалық жарыста күміс алдық, ал синхронды жарыста Роман Иванов екеуміз алтын алдық. Негізгі қарсыластарымыз Қытай спортшылары болды, олардың қатарында Олимпиада чемпионы да бар. Осындай бәсекеде жеңіске жеткеніме қуаныштымын. Енді алда әлем кубогының кезеңдері бар. Олар Алматыда, Қытайда және Италияда өтеді. Бұл жарыстарға қатысып, жақсы нәтиже көрсетуге тырысамыз.



Евгений КОШКИН,
конькимен жүгіруден Азиаданың күміс жүлдегері:

Спорттық формамыздың сапасы жақсы

Мен 100 метрде әрдайым сәтті өнер көрсетемін. Сондықтан әу бастан жүлде алам деген мақсат қойдым. Бұл қашықтыққа арнайы дайындалдым. Жапондықтар бұл жарыста менің басты қарсыластарым болды. Бастысы, ел қоржынына жүлде әкелгеніме қуаныштымын. Ендігі мақсатым – әлем кубогының 5 және 6-шы кезеңдеріне, сосын әлем чемпионатына қатысып, жақсы нәтиже көрсету. Ал жазғы уақытта келесі жылы өтетін Олимпиадаға дайындық басталады. Бұл жарыста спорттық форма өте сапалы әрі Харбин үшін өте жылы болды. Ал медальдың сапасына келсек, ол ауыр әрі әдемі, сол себепті Париж Олимпиадасындағы медальдардың «тағдырын» қайталамайды деп ойлаймын.



Аяна ЖОЛДАС,
Азиаданың күміс әрі екі мәрте қола жүлдегері:

Фристайлмен 11 жасымнан айналысамын

Азия ойындары өте керемет өтті. Алматыға жақсы көңіл күймен оралдық. Себебі, жүлде алуды іштей тілесем де, бірден үш медаль аламын деп ойламадым. Жалпы, Азиадаға дайындығым өте аз болды. Өйткені, біраз уақыт жарақатым мазалады. Харбинге аттануға аз уақыт қалған кезде ғана жаттыға бастадым. Десе де, жақсы нәтижеге қол жеткіздім, сондықтан бапкеріме және жанкүйерлерге алғыс айтамын. Фристайлмен 11 жасымнан бері айналысып келемін. Бала кезімде алдымен спорттық гимнастикамен айналыстым, бірақ оны тастауға шешім қабылдаған кезде бапкерлерімнің бірі фристайл-акробатикаға баруға кеңес берді. Мен оны тыңдап, осы спортқа қатысып көрдім және маған бірден ұнап қалды.



Асан АСЫЛХАН,
фристайл-акробатикадан Азиаданың күміс жүлдегері:

Арманым – Олимпиада чемпионы болу

Бұл мен үшін алғашқы Азия ойындары болды. Менің жасым – 15-те. Харбинге аттанған Ұлттық құраманың ең жас мүшесі болдым. Азиадаға Канаданың Квебек қаласында, Америкада дайындалдық. Жақсы нәтижеге қол жеткіздік деп ойлаймын. Жалпы, бұл спорт түріне 5 жасымда әпкем екеуміз келгенбіз. Қазір әпкем спорттағы мансабын аяқтады, ал мен алғаш келген кезде дәл осындай әлемдік трамплиндерде өнер көрсетемін деп ойламадым. Бірақ бапкерім маған үміт артып, үлкен спортқа жол ашты. Менің басты арманым – барлық спортшылар секілді Олимп шыңын бағындырып, чемпион атану. Ол үшін алдағы уақытта әлем кубогының кезеңдерінен ұпай жинап, Олимпиада жолдамасын алуға тырысамын.